Бірлік түбі – БЕРЕКЕ

ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№32 (3760)
2 мамыр 2025

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ЛЕБІЗ

ТАТУЛЫҚ – ТАБЫСТЫ ДАМУДЫҢ КЕПІЛІ

Құрметті әріптестер, оқырмандар!

Қазақстан Республикасының Судьялар одағының атынан баршаңызды 1 Мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күнімен құттықтаймын!

Бұл мереке – бейбітшілік пен ынтымақтың, достық пен өзара құрметтің айқын көрінісін көрсететін ерекше күн. Бірлік күні – әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың ортақ мақсат жолында ұйысқан ынтымағының белгісі. Қазақстан – сан алуан мәдениеттер мен дәстүрлердің тоғысқан мекенінің жарқын символы. Ел ішіндегі татулық пен келісім – мемлекеттілігіміздің берік іргетасы болып табылады.

Қазақстанда 1 Мамыр мерекесі 1996 жылдан бастап ресми түрде аталып өтуде. Дәл сол уақыттан бері Қазақстан ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей үлгісін қалыптастырды. Осы бағытта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде қоғамдық келісімді нығайту мен ұлтаралық татулықты сақтау бағытында жаңа серпінді реформалар жүзеге асырылуда. Президентіміз ұсынған «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасы – бірлік пен тұрақтылықты одан әрі күшейтуге арналған нақты бағдарды көрсетеді. Әділеттілік пен теңдік қағидаттарына негізделген бұл саясат қоғамдағы өзара түсіністікті күшейтіп, Қазақстанның тұрақты дамуына сенімді негіз болып отыр.

Бүгінгі таңда Бірлік күні – әрбір азаматтың жүрегінен орын алған қасиетті мерекеге айналды. Бірлігі жарасқан елдің болашағы баянды болары анық. Біздің қоғамдағы азаматтардың мәдениеті, тілі мен діні әртүрлі болғанымен, ортақ Отан ұғымында біріккен ұлы ұжым. Әрбір ұлт өкілі өз құндылығын сақтай отырып, Қазақстанның өркендеуіне үлес қосып келеді. Бұл – халқымыздың парасаттылығының, мемлекеттің көреген саясатының жемісі.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан бірлік пен татулықтың арқасында көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Экономикалық өсім, халықаралық аренадағы беделдің артуы, қоғамдық тұрақтылық – осының бәрі ел ішіндегі өзара қолдау мен түсіністіктің нәтижесі.

(Жалғасы 2-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЫНТЫМАҚТЫ ЕЛДІҢ ЫРЫСЫ МОЛ

Бірлік түбі – тірлік. Өзара сенім мен ынтымақтастық жоқ жерде қарсылық пен түсініспеушілік туындайды. Қазіргі сын-қатерлерді тек татулық, ортақ мүддедегі ауызбіршілікпен ғана еңсеріп, елдік мұраттарға жете аламыз. Өзара біте қайнасқан әлемде ғаламдық мәселелерді шешудің бұдан басқа жолы жоқ.

(Жалғасы 3-бетте)

КЕҢЕС

ЖОҒАРҒЫ СОТ АЛҒАШҚЫ ТОҚСАНДАҒЫ ЖҰМЫСЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Жоғарғы Соттың төрағасы Асламбек Мерғалиев өткен I тоқсандағы сот төрелігін жүзеге асыру жұмыстарының қорытындылары бойынша республика судьялар корпусының қатысуымен кеңес өткізді.

Кеңес жұмысына Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары Нұрсерік Шәріпов, Назгүл Рахметуллина және Аслан Түкиев, сондай-ақ Сот әкімшілігінің басшысы Наиль Ахметзакиров қатысты. Облыстық және оларға теңестірілген соттардың басшылары іс-шараға бейне-конференц байланыс (БКБ) арқылы қосылды.

Үкім дәлелдер жиынтығына негізделуі керек

Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Н.Рахметуллина өз сөзінде заңнамаға енгізілген өзгерістерге (ҚК-нің 6-бабы) байланысты 87% материал (1279) қанағаттандырылып, сотталғандар жазасы жеңілдетілгенін, бұл түзеу мекемелеріндегі орындарды босатуға елеулі ықпал еткенін атап өтті. Үш ай ішінде қылмыстық істер саны 8,5%-ға артқан (8 795-тен 8 962-ге дейін).

I тоқсанда апелляциялық сотпен 453 үкім түзетілді (5,1%), ал 2024 жылдың осы кезеңінде 340 үкім (4,3%) өзгертілген және күшін жойған. Кассациялық сотпен 48 адамға қатысты (барлығы 81 сот актісі) апелляциялық актілер өзгертіліп, күшін жойған, 11 іс 22 адамға қатысты қайта қарауға жіберілген. Тергеу соттары қамауға алуға санкция беруді сирек қолдана бастады. Биылғы көрсеткіш 65,8% болса, өткен жылы 87% болған.

Баяндамашы соттардың процестік қатысушылар шағымын объективті қарауға, дәлел-демелердің заңға сәйкестігіне принципті баға беруге назар аударуы қажет екенін атап өтті. Адамның кінәлілігі туралы шешім барлық заң талаптарын сақтай отырып жиналған жеткілікті дәлелдер жиынтығына негізделуі тиіс.

Бостандықтан айыруға баламалы электрондық білезіктермен үйқамақ, қоғамдық жұмыстар мен айыппұлдар секілді бұлтартпау шарасы мен жазаны кеңінен қолдану ұсынылады. Сондай-ақ, шартты-мерзімінен бұрын босату (ШМБ) және жазаның өтелмеген бөлігін жеңіл жаза түріне ауыстыру (ЖЖА) кезінде заң талаптарын қатаң сақтау қажет.

(Жалғасы 2-бетте)

КЕҢЕС

ЖОҒАРҒЫ СОТ АЛҒАШҚЫ ТОҚСАНДАҒЫ ЖҰМЫСЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Татуласу рәсімдері тиімді екенін көрсетті

Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Н.Шәріпов талап қоюлар санының 40%-ға өскенін (281 мыңнан 393 мыңға дейін) атап өтті. Көбінесе бұл банкрот деп тану, шығынды өндіру және шарттық міндеттемелерге қатысты даулар. Бұл өсім сондай-ақ сот тапсырмалары, сот орындаушыларының ұсынысы мен борышкерлерді мәжбүрлі түрде алып келуге санкциялар есебінен де байқалады.

Қаралған істер саны 19%-ға артқан (118,6 мыңнан 141,2 мыңға дейін), оның ішінде шешім шығарылған істер 15%-ға (68,2 мыңнан 78,5 мыңға дейін). Апелляцияда 8,4 мың іс қайта қаралып, (одан бұрынғы 8,2 мың іс), 1 111 сот шешімі түзетілді (1,4%), бұл өткен жылғы 1 081-ге (1,6%) қарағанда аз. Апелляция 3 өрескел заң бұзушылықты анықтаса (2024 ж. – 5), кассация мұндай фактілерді анықтамаған. Жоғарғы Соттың өзгерткен және жойған актілер саны үштен бірге азайды (140-тан 91-ге дейін).

Сот төрелігінің сапасы жақсарғаны атап өтілді. Татуласу рәсімдері тиімді екенін көрсетуде: 62 мыңнан астам медиацияға жататын істердің 30,5 мыңы баламалы тәсілдермен шешілген (2024 ж. – 28 мың).

Әкімшілік талап қоюлар саны артты

Әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы А.Түкиев 2025 жылдың I тоқсанында талап қоюлар саны былтырғымен салыстырғанда 5%-ға (7 833-ке дейін) артқанын мәлімдеді.

Сот орындаушыларына қатысты дауларды есептемегенде сот шешімдерінің 59%-ы талап қоюшылар пайдасына шешілді,. Татуласу және талап қоюдан бас тарту 39% жағдайда тіркелді (2 521 іс), бұл да 5%-ға өсім көрсетеді. Апелляция сот актілерінің 11%-ын, кассация 13,6%-ын түзеткен. Биылғы 1 наурыздан бастап аумақтан тыс соттылық 59 іс бойынша қолданылған.

Заң бұзушылықтарға төзбеу керектігін айтқан баяндамашы бірінші сатыдағы соттар 393 жеке ұйғарым шығарғанын, 265 ақшалай өндіріп алу қолданылғанын айтты. Ол істерді негізсіз қайтаруға жол бермеу және әкімшілік рәсімдерді қолдану мен сот актілерін шығару практикасын тұрақтандыру үшін сапалы аналитикалық материалдар әзірлеу қажеттігін атап өтті.

Әрбір бюджеттік жоба ашық болғаны жөн

Сот әкімшілігінің басшысы Н.Ахметзакиров сот ғимараттарын салу мен жөндеуге қатысты бірқатар жоспарланған жобаларды атап өтті.

Сот әкімшілігі жыл басынан бері Ақтөбе облысының Хромтау және Қарғалы аудандық соттарының ғимараттарын жөндеп, Шалқар аудандық сотының ғимаратын күрделі жөндеуді бастады. Сондай-ақ Алматы облысының облыстық, қылмыстық және мамандандырылған соттарының, Түркістан облысының Түлкібас және Төле би аудандық соттарының, сондай-ақ Тараз қаласының №2 сотының сот ғимараттарын салуға жобалық-сметалық құжаттама мемлекеттік сараптамаға жіберілген.

Атырау облысы бойынша Атырау қаласының №2 соты құрылысының жобасы, сондай-ақ Ақтөбе облысының Байғанин, Ырғыз және Темір аудандық соттарының жобалары дайын және қаржыландыру күтілуде. Биылғы мамыр айының соңына дейін Ақтөбе облыстық сотының, Павлодар облысы Ертіс және Шарбақты аудандық соттарының жобалық-сметалық құжаттарын түзетуді аяқтау жоспарлануда.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігі аясында Ақмола облысы бойынша департамент облыстық соттың іргелес аумағындағы ауданы 280 м² екі қабатты ғимараттың құрылысын бастады. Ал Батыс Қазақстан облысында Бәйтерек аудандық соты ғимаратының құрылысын бастау жоспарлануда.

Сонымен қоса, Президенттің тапсырмасы аясында Құқықтық саясат тұжырымдамасы мен судьялардың IX съезінің шешіміне сәйкес Қарағанды және Ақтөбе облыстарында соттарды біріктіру бойынша дайындық жұмысы жүргізілуде.

«Соттарды жаңғырту кезінде әрбір бюджеттік шешім ашық болуы керек, ал жобалар сапалы әрі дер кезінде жүзеге асырылуы тиіс» деп атап өтті Н.Ахметзакиров. Ол аумақтық департамент басшыларын қаражаттың мақсатты жұмсалуын жеке бақылауға алып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүргізіп, қоғамның сенімін арттыру үшін тұрғындармен жедел кері байланыс орнатуға шақырды.

Жоғарғы Соттың баспасөз қызметі

ОҢ ҚАДАМ

АУЫЛ ХАЛҚЫ БІЛІКТІ ДӘРІГЕРЛЕР ҚЫЗМЕТІМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ

ҚР Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова Үкімет отырысында «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасының іске асырылу барысы туралы баяндады.

Жоба шеңберінде үш негізгі міндет – ауылдарды бастапқы буын ұйымдарымен қамтамасыз ету, білікті медициналық кадрларды тарту және ауыл халқына мамандандырылған медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру мәселесі шешіледі деп жоспарлануда.

Министрдің мәліметінше, жобаны іске асыру басталғаннан бері фельдшерлік-акушерлік пункттерді, медициналық пункттерді және дәрігерлік амбулаторияларды қоса алғанда, жоспарланған 655 нысанның 467-сі салынған. Бұрын медициналық инфрақұрылымы болмаған ауылдарда 175 нысан пайда болды.

Медицина кадрларының тапшылығын жою үшін жаңадан іске қосылған медициналық нысандарға 174 медицина маманы, оның ішінде 42 дәрігер және орта медициналық білімі бар 132 маман жіберілді. 2024 жылдан бастап ауылдық жерге жұмысқа келетін аса тапшы мамандықтарды игерген медицина қызметкерлеріне 100 ЕТЖ – 8,5 млн теңге мөлшерінде біржолғы ақшалай төлем беріледі.

«Алтын сағат» қағидаты бойынша медициналық көмекті қамтамасыз ету мақсатында орталық ауруханалар компьютерлік томографтармен, МРТ және ангиографтармен қосымша жабдықталатын болады.

Сөз соңында министр ұлттық жобаны іске асырудың арқасында заманауи стандарттарға сәйкес келетін және ауыл тұрғындарының қажеттіліктеріне тиімді жауап беретін медициналық-санитариялық алғашқы көмектің заманауи жүйесі қалыптасып жатқанын атап өтті.

Т.ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

ЛЕБІЗ

ТАТУЛЫҚ – ТАБЫСТЫ ДАМУДЫҢ КЕПІЛІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әлемдік сын-қатерлерге қарамастан, мемлекетіміз тұрақтылық пен даму жолынан тайған жоқ. Бұл жетістіктер – әр азаматтың адал еңбегі мен ортақ жауапкершілігінің үлесі.

Судьялар қауымдастығы ретінде біз де қоғамдағы бейбітшілік пен құқықтық тәртіпті нығайту жолында аянбай еңбек етудеміз. Әділдік пен заңдылық қағидаларын басшылыққа ала отырып, азаматтардың құқықтарын қорғау, қоғамда сенім мен әділеттілікті орнықтыру басты мақсатымыз болып табылады. Әрбір қабылданған шешіміміз-де біз халықтың бірлігін, заңның үстемдігін және мемлекетіміздің жарқын болашағын көздейміз.

Бірлік күні – өткен жолымызға баға беріп, келешекке үлкен сеніммен қарауға мүмкіндік береді. Бұл күн халқымыздың тарихындағы ынтымақ пен төзімділік дәстүрлерін жаңғыртып, әр азаматтың ортақ жауапкершілігін арттырады. Еліміздің әрбір жетістігі – бірігудің, өзара қолдаудың, мызғымас достықтың нәтижесі. Бүгінгі ұрпақ осы ілгерілеуді қадірлеп, жаңа қадамдарға ұмтылуы керек.

Бірлік пен тұрақтылық – кез келген мемлекеттің табысты дамуының басты кепілі. Сол себепті қоғамдағы татулық пен түсіністікті сақтау – баршамыздың ортақ парызымыз. Бір-бірімізге деген құрмет пен жанашырлық – елімізді одан әрі көркейтуге жол ашады.

Құрметті әріптестер мен оқырмандар! Сіздерді Қазақстан халықтарының бірлігі күнімен тағы да шын жүректен құттықтаймын! Әр отбасында тыныштық пен молшылық орнасын! Дендеріңіз сау, еңбектеріңіз табысты болсын! Еліміздегі тұрақтылық пен татулық нығая берсін! Бірлігіміз бекем, Тәуелсіздігіміз мәңгілік болғай!

Досжан ӘМІР,
ҚР Жоғарғы Сотының судьясы,
ҚР Судьялар одағының төрағасы

АЙМАҚ-АҚПАРАТ

ЖЕТІСУ

СОҢҒЫ ЕКІ ЖЫЛДА 2,5 МЫҢНАН АСТАМ ОТБАСЫ АЖЫРАСҚАН

«Заң және Тәртіп» тұжырымдамасын жүзеге асыру шеңберінде Жетісу облысының прокуратурасында белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Оразкүл Асанғазықызымен кездесу ұйымдастырылды. Облыс прокуроры Мадияр Басшыбаевтың бастамасымен өткен бұл шара отбасы құндылықтарын насихаттау және осы бағытта қоғамның белсенділігін арттыру арқылы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған.

Кездесуге жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері, білім беру мекемелерінің қызметкерлері, үкіметтік емес ұйымдардың, ата-аналар комитеттерінің өкілдері мен жастар қатысты.

Шара барысында спикерлер отбасы тәрбиесі, ұлттық дәстүрлер туралы терең ойларымен бөлісіп, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қоғамға, әсіресе балалардың психологиялық жағдайы мен болашағына тигізетін теріс әсерін атап өтті. Сондай-ақ, кездесуде заманауи ақпараттық технологиялардың балаларды тәрбиелеуге әсері, ажырасу санының артуы және бала тәрбиесіндегі басқа да олқылықтар талқыланды. Мысалы, соңғы екі жылда облыста 2,5 мыңнан астам отбасы ажырасқан. 2024 жылы облыс бойынша 100-ден астам адам тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болды, олардың 57%-ы оқиға кезінде алкогольді мас күйінде болған.

Бұл кездесудің маңыздылығы тек ақпарат беруде ғана емес, сонымен бірге қоғамдық сананы ынталандырып, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әлеуметтік-құқықтық салдарын түсіндіре отырып, заңға бағынатын мінез-құлық қажеттілігін қалыптастыруға бағытталған.

Сарби ӘЙТЕНОВА

ШЫМКЕНТ

ҚАНДАСТАРҒА ЕҢБЕК ЕТУ ҮШІН РҰҚСАТ ҚАЖЕТ ЕМЕС

Шымкент қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты қандас мәртебесін алған М.-ды жергілікті атқарушы органнан рұқсат алмай, еңбек еткені үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 517-бабы 5-бөлігі бойынша жауаптылыққа тартқан.

Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасына сәйкес қандас мәртебесін алған адамға еңбек қызметін жүзеге асыруға жергілікті атқарушы органнан рұқсат алу талап етілмейді. Осыған байланысты Шымкент қаласы Тұран ауданының прокуроры соттың қаулысына апелляциялық өтінішхат енгізді.

Шымкент қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы прокурордың апелляциялық өтінішхаты бойынша бірінші саты соты шығарған қаулының күшін жойды.

Сол арқылы тарихи отанына оралған және «қандас» мәртебесін алған тұлғаның құқығы қорғалды.

Шымкент қаласының прокуратурасы

АТЫРАУ

ДІНИ АРАЗДЫҚТЫ НАСИХАТТАУҒА ЖОЛ ЖОҚ

Атырау қаласының прокуратурасы діни араздықты насихаттайтын әдебиеттің таралуына тосқауыл қойды. Сарапшылардың қорытындысына сәйкес, кәмелетке толмағандар арасында таратылған материалдар Қазақстан аумағында пайдалануға тыйым салынған.

Атырау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының шешімімен қайырымдылық мекемесі ӘҚБтК-нің 453-бабы 4-бөлігі бойынша кінәлі деп танылып, оған 516 880 теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынды.

Бұдан басқа, тиісті рұқсат құжаттарынсыз балаларды діни бағыттарда оқытып, пансионат ретінде қызметтерін атқарған. Осыған байланысты, қала прокуратурасының талап арызы негізінде 4 мекеменің мемлекеттік тіркеуінің күші жойылды, сонымен қатар барлық пансионаттар таратылды.

Экстремистік құжаттардың таратылуының алдын алу және балалардың құқықтарын қорғау әрқашан прокуратура органдарының басты назарында.

Құралай ҚУАТОВА

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЫНТЫМАҚТЫ ЕЛДІҢ ЫРЫСЫ МОЛ

(Соңы. Басы 1-бетте)



Сондықтан прагматизм мен өзара құрметке, теңдікке, әділдікке, ешкімді алаламауға негізделген сындарлы келіссөздер мен тұрақты байланыстар халықаралық жағдайды оңалтып, шиеленістердің түйінін тарқатады. Бүгінгі Бірлік күнінің миссиясы – елді ынтымаққа үндеу, халықтар достығын паш ету.

Қазақстандағы барша жүзі басқа болса да жүрегі бір, тілі басқа болса да тілегі бір қауым ежелден-ақ осы идеяның маңында топтасып келеді. Бұл, әрине, елімізде жүргізіліп жатқан саясаттың арқасы. Бүгінде еліміздегі осы ынтымақ бүкіл әлем халқына үлгі болып отыр. Бұл тұрғыда бірегей ұйым Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі айрықша. Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде Ассамблея қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайтуға өлшеусіз үлес қосты. Еліміздегі бірлік пен теңдіктің, тұрақтылық пен тыныштықтың символына айналды. Этносаралық қатынас саласындағы теңдессіз қоғамдық институт ретінде танылды. Соның арқасында Қазақстанда бейбітшілік пен келісімнің қайталанбас үлгісі қалыптасты.

«Бірлігіміз – әралуандықта»

Алқалы ұйымның Бірлік мейрамы қарсаңында өткен XXXIV сессиясында сөйлеген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз үшін айрықша маңызға ие болып отырған Бірлік құндылығының мән-маңызын атап өтіп, оны сақтаудың, нығайтудың жаңа міндеттерін айқындап берді. Бұл орайда әрине, Ассамблеяның рөлі атап көрсетілді. Президенттің айтуынша, Ассамблея қоғамды ортақ мақсатқа жұмылдыру мен ұлттық бірегейлікті бекіту ісінде баламасы жоқ басты платформаға айналды және алдағы уақытта да солай болып қала береді. ҚХА мүшелері күн сайын көзге көрінбейтін, бірден нәтиже бермейтін, алайда ұзақ мерзімді, стратегиялық тұрғыда ауқымды жұмыс жүргізіп келеді. Мәселен, былтыр көктемгі су тасқыны кезінде азаматтарымыз зардап шеккен жандарға көмек қолын созып, ырысты ынтымақ пен бірліктің тамаша үлгісін көрсетті. Ассамблея қоғамда кәсібилік және еңбекқорлық құндылықтарын дәріптеуге белсене атсалысуда. Осылайша, Ассамблея бүгінде қоғамдық келісімнің бірегей инфрақұрылымын қалыптастырған қуатты тармақтары бар институтқа айналды. Ассамблеяның арқасында еліміздегі барлық этностар Қазақстандағы оң өзгерістердің бел ортасында жүр.

Ассамблея – мемлекеттігімізге арқау болған аса маңызды құрылым. Бұл – Ассамблеяға артылатын жүктің салмағы да жеңіл емес деген сөз. Ұлттық мүдделерімізді қорғап, егемендігімізді нығайту – қастерлі парыз. Ассамблея барша азаматтарды ортақ құндылықтар мен мақсаттарға жұмылдыратын жалпыхалықтық орган ретінде жұмыс істеуі керек.

Басты міндет – Қазақстан халқының татулығы мен ауызбіршілігін, мемлекетіміздің тұтастығы мен киелі Тәуелсіздігімізді нығайту. Осы орайда «Қазір бүкіл әлемнің болашағы бұлыңғыр болып тұр. Осы алмағайып заманда стратегиялық бағдарымызға сай әрекет ету – алдымызда тұрған аса маңызды міндет. Біз қолға алған ауқымды жобаларды жүзеге асыра береміз. Елімізге инвестиция тартып, өнеркәсіп саласындағы әлеуетімізді арттырамыз.

Біз қазіргі ахуалды ескере отырып, ұзақ мерзімге арналған мақсаттарымызға қол жеткізу үшін тиянақты әрі тиімді жұмыс істеуіміз керек» деді. Мемлекет басшысының айтуынша, Ассамблея аймақтардағы жұмысты жандандыруы керек. Былтыр еліміздің рухани және тарихи-мәдени ордасы – Түркістанда жаңа Достық үйі ашылды. Енді осындай Достық үйін халық тығыз қоныстанған Алматы облысында салу қажет. Бұл ғимарат аймақтың қоғамдық өмірі үшін өте маңызды орталық болмақ. Түрлі этнос өкілдері тұратын Қордай, Ұйғыр, Сайрам, Панфилов және басқа да аудандарда ашу керек. Осылайша қоғамдық келісім инфрақұрылымын біртіндеп кеңейте беру керек.

Ауқымды қақтығыстар, сауда соғыстары, адам өмірінің құнсыздануы кезеңінде бейбітшіліктің қадірі ерекше арта түсті. Өйткені, бұл - дамудың басты кепілі. Орталық және жергілікті атқарушы органдар осы маңызды саланы жіті назарда ұстауы керек. Этносаралық және конфессияаралық қатынас мәселесін ешқашан саясат немесе түрлі арандату құралына айналдыруға болмайды. Бұл - мемлекеттің де, бүкіл қоғамның да бұлжымас қағидасы.

Ақпараттық кеңістікте бірлік пен келісім идеяларын кеңінен дәріптеу де айрықша маңызды. Бұл – Ассамблеяның барлық құрылымына, әсіресе, журналистер клубына қатысты кезек күттірмейтін міндет. Салалық министрлік, өңір әкімдері ҚХА журналистер клубының құрамына жетекші бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін қосып, клуб жұмысының бірыңғай алгоритмін жасауы керек. Қазақстандағы этностардың тілінде шығатын, ең алдымен, өңірлердегі бұқаралық ақпарат құралдарына жүйелі түрде қолдау көрсеткен жөн.

«Бірлігіміз – әралуандықта» қағидатын жүзеге асыру үшін мәдениет пен өнердің әлеуетін де толық пайдаланған дұрыс. Александр Пушкин, Тарас Шевченко, Федор Достоевский, Михаил Шолохов және басқа да тұлғалардың музейлері – Қазақстан мәдениетінің баға жетпес қазынасын толықтырып тұр. Бұл музейлерді көпшілікке таныту үшін экспозицияларын Астана мен Алматыда және басқа да қалаларда ұйымдастыру маңызды. Кейбір этномәдени бірлестіктер бірегей өнер және этнографиялық жеке коллекцияларды жинады. Бұл да еліміздің мәдени мұрасына айналуға тиіс.

Аталған нақты міндеттерді жүзеге асыру ұлтаралық қарым-қатынас сияқты маңызды әрі нәзік салада, жалпы идеология бағытында атқарылып жатқан ауқымды істерді жаңа мазмұнмен толықтыратыны сөзсіз. Ұлтаралық келісім мен тұрақтылықты нығайту – мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі және солай болып қала береді. Қазақстанда келісім, төзімділік, достық ұғымдары құр ұран емес, азаматтардың күнделікті өмір салтына айналған құндылық. Ауқымды қақтығыстар, сауда соғыстары, адам өмірінің құнсыздануы кезеңінде бейбітшіліктің қадірі ерекше арта түсті. Өйткені, бұл – дамудың басты кепілі. Орталық және жергілікті атқарушы органдар осы маңызды саланы жіті назарда ұстауы керек. Этносаралық және конфессияаралық қатынас мәселесін ешқашан саясат немесе түрлі арандату құралына айналдыруға болмайды. Бұл – мемлекеттің де, бүкіл қоғамның да бұлжымас қағидасы.

«Біз – әртүрліміз, бірақ бәріміз теңбіз»

Қазақстанда адамды ұлтына, тіліне, дініне қарай кемсіту ешқашан болған емес, болмайды да. Барша азаматтарға бірдей мүмкіндік берілген. Бұл – нағыз әділдік, әділетті мемлекеттің ажырамас бөлігі. Елдің бірлігі мен татулығы ең негізгі құндылықтарымыздың қатарындағы мемлекеттік саясаттың басты тұғыры. Болашақта да солай болмақ. Осы стратегияның арқасында түрлі этнос өкілдері бір шаңырақтың астында бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүріп жатыр.

Отаншылдық, азаматшылдық, өзара сенім мен жауапкершілік – Қазақстан халқының жалпыұлттық бірегей болмысын айқындайтын құндылықтар. Қазақ жерінде тұрып жатқан барлық этнос өкілдері өздерінің тілін, мәдениетін және салт-дәстүрлерін жан-жақты дамыта алады. Оған қажетті барлық жағдай жасалған. Біз біреуге еліктеп, жан-жағымызға жалтақтаған емеспіз. Ең бастысы, ұлтаралық қатынастар саласында озық әдіс-тәсілдерді қолданып, тек алға қарай жүрдік, болашақта да солай болу керек. Соның арқасында біздің елімізде қалыптасқан қоғамдық келісім үлгісі шын мәнінде біздің халықаралық «брендімізге», бетке ұстар жетістігімізге айналды.

Мемлекет басшысы бұл алқалы жиында мемлекеттік тілге қатысты өз ұстанымын білдірді. Президенттің айтуынша, қазақ тілі этносаралық тіл ретінде, халықтар ынтымағының дәнекеріне айналуы тиіс. Осы орайда «Этносаралық қатынастар мен ұлттық бірліктің бүкіл құрылымы «Біз – әртүрліміз, бірақ бәріміз теңбіз» деген мызғымас қағидаға негізделген. Мемлекет азаматтардың ұлтына, діни нанымына немесе әлеуметтік мәртебесіне қарамай, бәріне бірдей әділ әрі тең жағдай жасайды. Бұл – мемлекеттік саясаттың басты ұстанымы. Біз популистік асығыс шешімдерден бойымызды аулақ ұстаймыз. Әрқашан нақты жағдайға қарап, байыпты саясатты басшылыққа аламыз. Бұл, ең алдымен, мемлекеттік тілдің мәртебесін этносаралық қатынас тілі ретінде бекіту мәселесіне тікелей қатысты» деді.

Бірлік, отаншылдық, тәуелсіздік және келісім – мемлекетіміздің негізгі құндылықтары. Бәрі де осы құндылықтардан басталады. Осы орайда Президент халқымыздың татулығын бұзып, ел ішіне іріткі салғысы келетіндер заңға сәйкес қатаң түрде жауапқа тартылады, тиісті жазасын алатынын, ал ынтымақ пен бірлікті нығайтуға үлес қосқан азаматтар әрдайым зор құрметке ие болатынын қадап айтты.

Қазіргідей аумалы-төкпелі заманда ауызбіршіліктің қадірі арта түскені сөзсіз. Бейбітшілік пен тұрақтылық – тағдырдың бізге бере салған сыйы емес. Бұл – бір ел, бір халық болып атқарып жатқан қажырлы еңбектің жемісі. Кейбір мемлекеттер үшін этникалық әралуандылық сын-қатердің, сенімсіздік пен төзбеушіліктің белгісі болуы мүмкін. Бірақ бұл біздің жалпыұлттық қазынамыз әрі стратегиялық артықшылығымыз.

Ынтымақ – бірлік, диалог, өзара сенім мен құрмет, азаматтық жауапкершілік мұның бәрі елімізді қарқынды дамытудың мызғымас қағидаттары. Осы құндылықтарға арқа сүйей отырып, біз Тәуелсіздіктің зор жетістіктерін сақтап, еселеп, келер ұрпаққа аманаттай аламыз. Сонда ғана Әділетті Қазақстанды құрамыз. Біз өз жерінде тыныштық пен келісімде өмір сүруге болатынын дәлелдеген, өз тағдырын өзі шеше алатынына көптің көзін жеткізген, болашаққа нық қадам басқан біртұтас ұлтпыз.

Жұртымыз үшін ең үлкен марапат – елдің тыныштығы. Шын мәнінде, қоғамда татулық болмаса, басқа жұмыстың бәрі бекер болмақ. Береке-бірлігімізді сақтай алмасақ, қастерлі Тәуелсіздігіміздің баянды болуы да екіталай. Сондықтан ең басты мұрат – ынтымақ болмақ!

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

КӨЛІКТІ «КРЕДИТКЕ» АЛАТЫНДАР КӨБЕЙДІ

Елімізде кейінгі жылдары несиеге автокөлік алып тізгіндегендер саны артқан. Жылдың басында Қазақстанда 5,7 млн түрлі көлік бары белгілі болды. Демек, әрбір төртінші адам техника тізгіндеп жүр деген сөз. Бірақ кей сарапшылар халықтың көлікті күнелту мақсатында кредитке алып жатқанын да айтып жүр. Сондай-ақ автонесиеге деген сұраныс ипотекадан асып кеткенін қаржы ұйымдары да мәлімдеген еді. Олардың мәліметінше, банктер берген тұтынушылық несиелердің ішінде автонесие үлесі рекордтық деңгейге жеткен. Жалпы, несие беру көлемі жыл басымен салыстырғанда 1,7%-ға өскен.

Ұлттық банктің наурыз айындағы мәліметінше, банк секторы 36,0 трлн теңге несие беріпті. Оның ішінде бизнеске – 14,9 трлн, ал халыққа берілген несие көлемі 21,1 трлн теңгені құраған. Бизнеске арналған қаржы халықтың несие рәсімдеуіне ілесе алмай жатыр. Оның ішінде үйге ипотека рәсімдеуге қарағанда көлік алуға деген кредит мұқтаждығы көбейген.

Бұған себеп те жоқ емес. Қазір көлікті несиемен алудың ұтымды тұстары болып тұр. 7 жылға ұзартылған уақыты бар. Расында да жеңілдетілген мемлекеттік бағдарламамен 4 пайыздық автонесие халыққа үлкен мүмкіндік бергендей. Қазір салондарда кезек жетерлік. Мысалы, биыл ақпан айында осы жеңілдікпен 15 963 көлік сатылған. Екіншіден, баспанаға қарағанда көлік алу оңай болып тұр. Өйткені, қойылар талап-ережелері аз, рәсімдейтін құжаты да көп емес.

Көлік алушылардың көбі үйге ипотекалық рәсімнің қиын екенін айтады. Банк талабы (бастапқы жарна, тұрақты жұмыс, төлем қабілеттілігін растау) тым қатаң әрі пайыздық мөлшерлемесі де жоғары. «Автонесие неге артып келеді?» деген сұраққа жауап берсек, бүгінде халықта ақша жоқ. Ел кредит алып, такси қызметін көрсетіп, қосымша табыс таба алады. Сонымен қатар, автонесие мен такси агрегаторлары халыққа табыс табуға көбірек мүмкіндік беруде. Осының арқасында отбасын бағып, сол арқылы қарыздарын төлейді. Көп азамат көлікті жеке қолданыс үшін емес, табыс табудың жолы деп қабылдайды», – дейді Бірінші кредиттік бюро бас директоры Руслан Омаров.



Оның сөзінше, жалпы халыққа берілетін несие көлемі тоқтаусыз артып келеді. Ақпан айында халыққа берілген несие көлемі 21,1 трлн теңгеге жетіп, бір жылда 22,7 пайыз өскен. Мұның жағымсыз жағы да бар. Мысалы, несие алу оңайлаған сайын қарыз үстіне қарыз жамап алғандар көп. Мұның ар жағында көпшіліктің қаржылық сауаттылығының жетіспеушілігі де жатыр. Айталық, банкроттыққа өтініш бергендер саны бұрынғыдан көбейген. 2023 жылы – 77 мың, 2024 жылы – 83 мың, биыл алғашқы 3 айда тағы 38 мың адам осы бағытта құжаттарын тапсырып үлгеріпті.

Бұл жерде қаржылық ұйымдардың өздерінің де қауіп-қатерге барып отырғанын аңдауға болады. Әдетте несие төленбей, банкке берешек кешіккен сайын олардың да жағдайы төмендейтіні анық. Экономикалық тұрақтылығы сақталмай, өз ахуалын қиындатуы мүмкін. Соған қарамастан олар да жоғары пайызды қойып отыр. Есесіне халық қажет кезінде алып алып, төлеуге келгенде қиындыққа ұшырап қалатыны ащы шындық. Айналып келгенде, көлікке не басқа қажеттілікке несиенің артуы – жағдайдың қай жағында екенін айқындағандай. Ал бұл үдерістің артуынан елдегі әлеуметтік жағдайдың күрт төмендемесіне кім кепіл?!

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

БІТІМ

ТӨРТЕУ ТҮГЕЛ БОЛСА – ТӨБЕДЕГІ КЕЛЕДІ

Ел ішіндегі дау-дамайдың би-шешендер көмегімен шешімін тауып отырғанына тарих куә. «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді», «Айтысып сөзге келгенше, ақылмен жөнге кел» деген сөздер де ел арасындағы татулықты ту етіп, ауыз-біршілікке үндеген ата бабамыздан қалса керек.

Қай заманда да билер ханға да, қараға да бұра тартпай, дауласушыларды өзара бітістіруді ойластырған. Даулы мәселелер өш алу, есе қайтару мақсатымен емес, гуманистік құндылықтар аясында ел тыныштығын, ағайын татулығын сақтау тұрғысынан қаралған. «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» ұстанымын берік ұстанған қазақ билері дауды ел алдында жариялы түрде шешкен, яғни, барлық оқиға жұртшылықтың көз алдында өрбігенін тарихтан жақсы білеміз.

Бабаларымыздан жеткен осынау тамаша тәсіл тәуелсіз мемлекетімізде қайта жаңғыртылып, арнайы заңға айналды. Халық бүгінде медиацияның мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануда. Сотқа жүгінушілерге бұл орайда дауды өзара шешудің артықшылықтары түсіндіріліп, бағыт-бағдар беріледі. Уақыттары мен қаржылары үнемделетінін білген тараптар дауды сотсыз бітіруге келісіп те жатыр.

Осы орайда, Қызылқоға аудандық сотында, азаматтық сот ісін жүргізуде татуластыру рәсімдерін кеңінен қолдану, медиацияның мол мүмкіндіктерін пайдалану жұмыстары насихатталып, сот тәжірибесінде қолданылып келеді.

Бүгінде аудандық сотта қаралған азаматтық істердің 45,4 пайызына медиация тәсілі қолданылып, тараптар судья-медиатордың жәрдемдесуімен татуласуға қол жеткізгені қуантарлық жағдай.

Осы көрсеткішпен, аудандық сот медиация тәсілін қолдану деңгейін арттыру бойынша алдыңғы қатардағы соттар сапынан көріне білді. Биыл да, әдеттегідей Қызылқоға ауданы бойынша қоғамдық медиаторлардың жаңа тізімі жасақталып, заңға сәйкес 13 қоғамдық медиатор тіркеліп, өз жұмыстарын бастады.

Ауданға қарасты 10 ауылдық округтің бәрінен де медиаторлар тағайындалғанын, егер қандайда бір отбасылық басқа да даулар туындаған жағдайда сотқа жүгінуге асықпай, жергілікті жерлердегі қоғамдық медиаторларға жүгінудің тиімділігін атап көсеткім келеді.

Округтердегі қоғамдық медиаторлардың жұмысын, сол жердегі ауылдық округ әкімдері, олардың жауапты мамандары дауласқан талаптың дауын бейбіт жолмен шешулеріне зор септіктерін тигізе отырып, тараптар мен медиаторлардың арнайы орында жүздесуін қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, «Атырау облыстық Билер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің Қызылқоға ауданындағы жұмыс тобы да белсенді жұмыстар атқарып жатқанын айта кеткен жөн. Қызылқоғалық билердің жетекшісі болып сайланған ауылымыздың қазыналы қарты Мұқанбетов Жаубасар ағамыз, билер мүшелерімен бірігіп, дауды сотқа жеткізбей шешуде, дауласқан тарапты татуластыру жолында игі жұмыстар атқаруда.

«Атырау облыстық Билер кеңесі» қоғамдық бірлестігіне қолдау көрсетіп отырған Атырау облыстық сотының төрағасы М.Парменовтың және жергілікті атқарушы биліктің, қоғамдық кеңестердің жәрдемдесуімен әр өңірдегі Билер кеңесінің жұмыстары жанданып, оларға арнайы қызметтік куәліктер мен төсбелгілер беріліп, қарқынды жұмыстар жасалуда.

Аудандық Билер кеңесіне, қоғамдық медиаторларға жолығамын деген тұлғалар, олар жөнінде мәліметті Қызылқоға аудандық сотынан және Миялы ауылдық округінен білуге болады.

«Дау мұраты – бітім» ұстанымын жалғастырған соттар «Медиация туралы» заңның артықшылықтарын көпшілікке үздіксіз насихаттап келеді. Жалпы, медиация заңын одан әрі жандандырып, артықшылығы мен тиімділігін көпшілікке жеткізудің маңызы зор. Аталған «Медиация туралы» заңның қолданысын кеңейту үшін, сот жүйесінен бөлек, басқа да мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар да медиацияға қызығушылық танытып, қолдау көрсетуге септігін тигізу қажет деп есептеймін.

«Бақ қайда барасың десе, ынтымақты елге барамын» деген дана қазағымның нақыл сөзіне мән бере отырып, бірлігіміз берекелі, тірлігіміз мерекелі болсын, ағайын!

Базаргүл АБДУАЛИЕВА,
Қызылқоға аудандық соты әкімшісі басшысының міндетін атқарушы
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

БІЛГЕН ЖӨН

2023 жылғы 3 наурыздан бастап «ҚР азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» заң қолданысқа енгізілді.

БОРЫШКЕРДІ БАНКРОТ ДЕП ТАНУДЫҢ ТӘРТІБІ ҚАНДАЙ?

Аталған заңда жеке тұлғалардың банктер, микроқаржы ұйымдары және коллекторлық агенттіктер алдындағы қарыздары бойынша соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану қарастырылған. Заң жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген азаматтардың төлем қабілетсіздігіне байланысты туындайтын қатынастарға қолданылады.

Негізінен соттан тыс банкроттық рәсімді аяқтау және борышкерді банкрот деп тану туралы шешімдердің заңсыздығын мойындау жөнінде әкімшілік талаппен сотқа екінші деңгейдегі банктер, коллекторлық компаниялар және банкроттық рәсімі жүргізілген жеке тұлғалар жүгінеді.

Азамат төмендегі шарттарға қарамастан бес жыл ішінде несие берушілер алдындағы берешегін өтей алмаса, соттан тыс банкроттық рәсімді қолдану туралы өтініш беруге құқылы:

- мүліктің болуы немесе болмауы;
- қатарынан 12 ай ішінде өтеудің болуы;
- шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу және өндіріп алу жөніндегі рәсімнің сақталуы не сақталмауы;
- өтініш берілген күні жеті жыл ішінде соттан тыс банкроттық рәсімнің қолданылуы не қолданылмауы.

Екінші деңгейдегі банк, ҚР бейрезидент банк филиалы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым және микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйым борышкердің өтінішіне жауап ұсынбаған жағдайда, осы тармақшада көзделген рәсімнің жүргізілгенін растайтын құжат борышкер өтінішінің көшірмесі немесе өтініштің электрондық форматта жіберілгені туралы растамасы болып табылады.

Заңның 16-бабы 4-тармағы бойынша, борышкер осы заңның 5-бабында қарастырылған мән-жайларға сәйкес келмеген жағдайда, уәкілетті орган он бес жұмыс күні ішінде уәкілетті орган белгілеген нысанда соттан тыс банкроттық рәсімді қолданудан бас тарту туралы хабарлама береді.

Уәкілетті органның соттан тыс банкроттық рәсімді өткізу мерзімі «электрондық үкімет» веб-порталында борышкер туралы мәліметтер орналастырылған күннен бастап алты айды құрайды.

«Электрондық үкімет» веб-порталында борышкер туралы мәліметтер орналастырылған күннен бастап келесі салдарлар туындайды:

- соттан тыс банкроттық рәсімді қолдану туралы өтініште көрсетілген борышкердің несие берушілер алдындағы борыштық міндеттемелерінің мерзімі өткен болып есептеледі;
- борышкерден соттан тыс банкроттық рәсімді қолдану туралы өтініште көрсетілген несие берушілердің міндеттемелерін орындауын талап етуге тыйым салынады;
- соттан тыс банкроттық рәсімді қолдану туралы өтініште көрсетілген борышкердің несие берушілер алдындағы берешегінің барлық түрлері бойынша тұрақсыздық айыпақыны, өсімпұлды, айыппұлды және сыйақыны есептеу тоқтатылады;
- борышкерге ломбардтың микронесиелерін алудан басқа, өзіне жаңа ақшалай немесе мүліктік міндеттемелер қабылдауға тыйым салынады.
- борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімді қолданудың алдындағы үш жылға дейінгі кезеңде мемлекеттік органдардан және өзге де органдар мен ұйымдардан ортақ бірлескен мүлікті қоса алғанда, оның мүлкі туралы ақпаратты уәкілетті органның алуға келісімі берілген болып есептеледі;
- борышкердің банктік шоттарынан несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру есебіне ақша өндіріп алуға жол берілмейді;
- соттардың борышты өндіріп алу туралы шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады.

Банкротқа соттан тыс банкроттық рәсімнің аяқталғаны туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап бес жыл ішінде қарыз беріл-

А. ЖАУАРОВА,
Қостанай облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

мейді (ломбардтардың микронесиелерін алудан басқа), сондай-ақ одан кепіл түрінде қамтамасыз ету қабылданбайды. Банктік қарыз және микронесие беру шарттары бойынша кепілдіктер мен кепілгерліктер заңының 48-бабына сәйкес соттан тыс банкроттық рәсімдерді жүргізу кезеңінде уәкілетті орган уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде борышкердің қаржылық жағдайына мониторинг жүргізеді.

Қаржылық жағдай мониторингі шеңберінде несие берушілер алдындағы міндеттемелерді орындаудан жалтару мақсатында борышкердің жеке мүддесінде жасалған іс-әрекеттерін тексеру жүзеге асырылады, оның нәтижелері рәсімді тоқтату үшін немесе банкрот міндеттемелерін тоқтатудан бас тарту үшін негіз болуы мүмкін.

Мониторингті уәкілетті орган борышкер банкрот деп танылғаннан кейін үш жыл ішінде жүргізеді. Мониторингті несие берушілер жүргізуге құқылы. Банкроттың мемлекеттік тіркеуге жататын мүлкі, оның ішінде ортақ бірлескен мүлкі сатып алу фактісі анықталған жағдайда уәкілетті орган несие берушілерге мониторинг нәтижелерін жібереді.

Уәкілетті органнан ақпарат алған кезде олар азаматтық іс жүргізу кодексіне сәйкес борышкерді банкрот деп танудың күшін жою және банкроттық рәсімді қайта бастау туралы сотқа жүгінуге құқылы.

Бұл норма соттан тыс және сот банкроттығы рәсімдерін пайдалана отырып, несие берушілер алдындағы міндеттемелерді орындаудан жалтарғысы келетін жосықсыз борышкерлердің іс-әрекеттерінің жолын кесу мақсатында енгізілді.

ІНДЕТ

КЕСЕЛМЕН КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ

Сыбайлас жемқорлық – кез келген дамыған мемлекет үшін қауіпті құбылыс. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын бұл індет, саяси даму жолындағы барлық елдің оң жетістіктеріне өз кедергісін тигізуде. Елімізде жемқорлықпен күресуге және оның алдын алуға баса мән беріліп келеді. Соның ішінде сот жүйесінде де бұл бағытта көптеген жұмыстар атқарылуда.

Сыбайлас жемқорлық қоғамды құлдырататын қатер екенін үнемі ескертіп, онымен күресті барлық салада қарқынды жүргізу қатаң бақылауға алынған. Сыбайлас жемқорлық тәуелсіздігімізге қатер тудыратыны, мемлекеттік биліктің тиімділігін жоғалтып, қоғамның мемлекетке деген сенімін бұзатыны, еліміздің экономикалық-әлеуметтік және рухани дамуына кедергі келтіретіні анық.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте еліміздің сот жүйесінің де үлесі ауқымды деп айтуға болады. Бәрімізге белгілі еліміздің сот жүйесі тұтас алғанда азаматтардың құқықтары мен бостандығының, ұйымдар мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етеді. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп ежелден ата-бабаларымыз бекер айтпағаны анық. Халықтың сот билігіне сенімін – жалпы заңға, мемлекеттік жүйеге деген сенімі деп айтуға болады. Қазақстан Республикасының Конституциясы барлық азаматтардың заң мен сот алдында теңдігіне кепілдік береді. Негізгі заңға сәйкес судья сот төрелігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға бағынады. Заңға бағыну және оны бұзғаны үшін жауапкершілікте болуы теңдей дәрежеде барлығына міндетті болып табылады. Ал сыбайлас жемқорлық үшін жаза әлеуметтік, мүліктік және лауазымдық жағдайына қарамастан бұлтартпастай болуы қажет.

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау және оның алдын алу бойынша облыстық және аудандық соттарда да ауқымды іс-шаралар атқарылуда. Сотта сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын жүзеге асыру туралы бағдарламасы мен жоспарында көзделген іс-шаралар сыбайлас жемқорлықты болдырмау және оның алдын алудағы судьялар мен сот қызметкерлерінің басты мақсаттары мен міндеттері болып табылады. Аталған бағдарлама мен жоспарда облысымыздың соттарында сыбайлас жемқорлық туралы құқық бұзушылықтың алдын алу және ескерту, судьялар мен сот қызметкерлерінің заңмен бекітілген шектеулер және тыйым салулардың орындалуын бақылау, соттардағы сыбайлас жемқорлық фактісі мен факторларының орын алуы туралы азаматтық қоғам ортасында әлеуметтік сауалнама жүргізу, сот жүйесіне жоғары білікті мамандарды дайындау мәселесі бойынша заңгерлік бағыттағы жоғарғы оқу орындарымен жұмысты нығайту, судья лауазымына соттардың кеңсе мамандары арасынан кадрлық резерв қалыптастыру, интернет ресурстары мен телеарналарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы бейнекөрсетілімдер жіберу, сот залдарын дыбыс-бейнежазбалар жүйесімен толықтай жабдықтау, істерді БААТЖ бағдарламасымен толықтай автоматты түрде бөлу және тағы басқа іс шаралар көзделген.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу тек қана құқық қорғау органдарының міндеті емес, ол жалпы адамзаттың азаматтық парызы.

Гульнур МУРАТБЕКОВА,
Жарма аудандық сотының жетекші маманы
АБАЙ ОБЛЫСЫ

ЖЕГІҚҰРТ

БІЗ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫМЫЗ!

Қазақстан заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарына негізінен мемлекеттік қызметкерлер көп ұрынып жатады. Сондықтан, сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі таңда күрделі мәселеге айналып отыр.

Сыбайлас жемқорлық халықтың құқықтық біліміне аздығынан, қандай да бір заңға қайшы әрекет орын алған жағдайда қалай әрекет ету керектігін толық білмеуінен орын алады.

Тәуелсіздік алғаннан бері мемлекетіміз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің заңнамалық тетіктерін кезең-кезеңімен күшейтуде. Сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатер төндіретін деңгейде.

Қазіргі таңда мамандардың айтуынша, көп ереже шарттардың автоматтандырылғанына қарамастан азаматтардың әдеттен тыс құжат жинамау, қызметті алатынына сенімді болу үшін, сондай-ақ көптеген проблемаларды болдырмау үшін пара беретіні белгілі. Сондықтан, әрбір адам бұл күресте өзінің іс әрекеттеріне баға беріп үйренсе және де халықтың қандайда бір мемлекеттік қызметтерді алуы оңайлап, халыққа пара туралы ойланбайтын жағдай жасау үшін мемлекетіміз атсалысатын болса, біз бұл күресте міндетті түрде жеңіп шығатынымыз анық.

Келешек ұрпағымызбен еліміздің гүлденуі үшін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы әлемдік тәжірибені зерделеп, бұқаралық ақпарат құралдарында көрнекі өмірлік мысалдарды жариялап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы кең ауқымды насихат жұмыстарын жүргізу қажет.

Айсулу КАНЫБЕКОВА,
Атырау қалалық соты әкімшісінің жетекші маманы

ТҮЙТКІЛ

Көп ақпарат легі тәтті сусындардың зиянын толассыз жазғанмен, бұған мән беру жағы аз. Әсіресе, жастар жағы түрлі брендтегі газдалған не газсыз шырынды шөлбасардан бастартпауда. Денсаулық сақтау министрлігінің өкілдері қант диабетіне шалдыққандардың көбеюіне осы сусын түрі себеп деп дабыл қағуда. Бірақ барлық мемлекетте мұндай өнімге ашық қарсылық болғанымен, тұтынушы әлі азаяр емес. Екіншіден, мұндай бастама оны өндірушілерге де ұнамайтыны анық.

ҚАНТ ДИАБЕТІНІҢ ҚАУПІ ЗОР



Қазір бұл өнімдердің ең басында Coca-Cola тұр. Газдалған сусынның арғы тарихына тоқталмаймыз. Белгілісі, 1926 жылы экспорттала бастаған Coca-Colaның зияны уақыт өте келе әр елде айқындала бастады. Мысалы, Мексиканы айтсақ. Бір уақыттары мұндағылар су орнына Coca-Cola тұтынатын деңгейге жеткен. Тіпті әлемде Coca-Cola ішуден осы Мексика көшбасшыға айналғанға ұқсайды. Қазір де ашық дереккөздерде әр мексикалық жылына 160 литр тәтті сусын ішетіні жайлы ақпарат бар. Алайда...

2021 жылы Мексика халқының саны 127,6 млн болса, 14 млн адам қант диабеті бойынша тіркеуде тұрған. Қазір мәселені қайта талқылап, түрлі салық енгізіп, ақпараттық саясат жүргізгенімен, сусынды тұтынушылар азаймаған. Өйткені, Coca-Cola мексикалықтардың мәдениетіне сіңіп, экономикасына байланған. Яғни, елде жүздеген зауыт салынып, тұрғындар сонда жұмыс істейді.

Бізде де жағдай мәз емес. Қант диабетіне шалдыққандар саны жыл сайын, тіпті араға бір-екі ай салып, тізімі 6-7 мың адамға артуда. Мәселен, былтыр 1 қазанда тізімде 516 564 адам болса, тура екі айдан кейін 1 желтоқсанда 522 224-ке жеткен. Ал мұндай науқастардың көбеюі салаға бөлінетін қаржыға сұранысты арттыратыны анық. Өткен жылы желтоқсанда Сенат депутаттары Үкімет басшысы Олжас Бектеновке сауал жолдап, қант диабетіне бөлінген бюджет есебін сұраған. Үкімет басшысының жауабында 2021 жылы қант диабетіне қарсы дәрі-дәрмек сатып алуға 31 млрд теңге жұмсалғанын, ал 2024 жылы 56,3 млрд теңге болғаны жазылған. Осы жылы 70 млрд теңге қарастырылыпты.

«Қазіргі клиникалық зерттеулерге сүйенсек, әрбір он ересектің біреуі II типтегі қант диабетімен ауырады. Сонымен қатар, он адамның екеуінде бұл дерттің белгілері бар, бірақ әлі диагноз қойылмаған. Өкінішке қарай, II типтегі қант диабеті жасарып келеді, нақты айтсақ, бұл диагнозбен тіркелгендердің шамамен 33%-ы – балалар мен жастар. Себебі белгілі, олар фастфуд, тәтті газдалған сусындар және жоғары калориялы тағамдарды артық тұтынуда», – дейді медицина ғылымының кандидаты Гүлмира Тұқсаитова.

Сарапшының сөзінше, тәтті сусындарға қатысты қатаң заң мен салықты арттырғанда ғана оларды тұтынуды азайта аламыз. Бұл тәсіл Мексика мен Ұлыбританияда дәлелденген. Онда «қант салығы» енгізілгеннен кейін газдалған тәтті сусын сатылымы азайып, денсаулыққа пайдалы балама өнімдерге сұраныс артыпты. Алайда бағаның көтерілуі де жеткіліксіз болуы мүмкін. Өйткені, құрамында қанты көп өнімдерді белгілеу, оны ақпараттандыру, екіншіден, кәсіпкерлерді денсаулыққа пайдалы өнімдер шығаруға ынталандыру керек.

«Қазір тәтті сусыннан бөлек, энергетикалық сусындарды да денсаулыққа зиянды өнімге жатқызамыз. Оны жиі немесе шамадан тыс тұтынған жағдайда ағзаға елеулі нұқсан келеді. Онда қанттан бөлек, кофеин, таурин, гуарана және басқа да стимуляторлар бар. Оның әсерінен жүрекке күш түседі, қан қысымы көтеріледі, тамырлар тарылып, қан айналымы нашарлайды. Бұл жүрек-қан тамыр ауруларына бейім адамдар мен жасөспірімдерге қауіпті. Жүрек ұстамалары бар адам шамадан тыс энергетик ішіп, физикалық жүктеме түсірсе, өлімге де әкелуі мүмкін», – дейді Г.Тұқсаитова.

Дәрігер-сарапшы аталған сусынның бұдан бөлек, бүйрекке, ағзаның сусыздануына, ұйқысыздыққа және стимуляторларға тәуелділікке әкелетінін айтып отыр. Көп елде жасөспірімдерге энергетикалық сусындарды сатуға шектеу бар.

Айтпақшы, 2021 жылы елде тәтті сусындарға 15 пайыз қосымша салық енгізуді, биыл оның мөлшерін 45 пайызға жеткізу туралы мәселе көтерілген еді. Бұған акциз енгізілмеген елдегі тәтті сусын өндірушілер қарсылығының әсері болуы да мүмкін.

«Қосымша салық бастамасының тоқтатылуы Үкіметтің дұрыс әрі маңызды шешімі деп есептеймін. Бұл бизнестің дамуына мүмкіндік беріп, осы санаттағы тауарларға акциз енгізу идеясын алып тастады. Алайда қазір энергетикалық сусындарға салық салу мәселесі өткір тұр. Әлемнің кейбір елдерінде бұл шара дискриминациялық деп бағаланады, себебі энергетикалық сусындар мен тәтті сусындар арасындағы айырмашылық – тек кофеин мөлшерінде. Негізі энергетикалық сусындардағы кофеин мөлшері бір кесеге салынған шай не кофеге қарағанда шамамен 2,5 есе аз. Сондықтан энергетикалық сусын – лимонадпен тең өнім», – дейді «Еуразия энергетикалық сусындары» қауымдастығының төрағасы Ермек Шериязданов.

Кәсіпкердің сөзінше, энергетикалық сусындарға акциз енгізу бизнеске елеулі соққы әкелуі мүмкін. Салық түсімі азайып, жұмыс орны қысқармақ. Мемлекет тікелей инвестициядан қағылады. Мысалы, 2023–2024 жылдары Қазақстандағы энергетикалық сусын өндірісіне 10 млрд теңгеден астам инвестиция тартылған. Қазіргі салық мөлшері сақталған жағдайда 2025–2026 жылдары да осындай көлемде инвестиция күтілуде.

Ал энергетикалық сусындарға акциз енгізілсе, өндіріс 30%-ға қысқарып, өндірушілер мен дистрибьюторлар тарапынан жұмысшылардың 20%-ы қысқартылуы мүмкін. Сонымен қатар, акциз енгізілген алғашқы жылда бюджетке түсетін салық көлемі 6 млрд теңгеге азаяды. Яғни, Ермек Шериязданов салық енгізу мәселесіне жан-жақты қарап, қоғам, бизнес қауымдастық және мемлекеттік деңгейде кеңінен талқылау қажеттігін айтып отыр.

Мақаланың түйіскен жері – халық саулығы мен экономикалық жағдай. Ал бұл мәселе әр тараптың (мемлекет, медицина, бизнес) өкілдері арасында ауқымды түрде талқыланбаса болмайды.

Шериияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

ТАСҚЫН: ТӨТЕНШЕЛІКТЕР ТӘУЛІК БОЙЫ ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ

Петропавлда су тасқынына қарсы жұмыстар жалғасып жатыр. Қазіргі уақытта Солтүстік Қазақстан облысында ауа райы күрт өзгерді. Қызылжар ауданы Тепличное ауылында салынған бөгеттерді күшейту үшін ҚР ІІМ Ұлттық ұлан академиясының курсанттары көмекке тартылған.

– Олар төтенше жағдайлар департаменті, полиция қызметі және жергілікті атқарушы билік өкілдерімен бірге бүгінге дейін 250 мыңнан астам құм салынған қап әзірледі. 800 курсант төрт ауысым бойынша жұмыс істеп жатыр. Әскери қызметшілерге жүйелі түрде тамақ пен демалыс уақыты ұйымдастырылған, – деді Ұлттық ұланның ресми өкілі Әлібек Әбділов.

Сарбаздар мен курсанттардың жағдайына қоғам да бей-жай қарамай, қолдан келген көмегін көрсетуде. Атап айтқанда, «Ана жүрегі» сарбаздар аналарының комитеті жауынгерлердің жағдайын назарда ұстап, түрлі қолдау шараларын іске асырып келеді.

– Бұл – барлығымыздың ортақ міндетіміз. Балаларымыз күн демей, түн демей ел үшін еңбек етіп жүр. Біз оларға тек тамақ емес, аналық мейірімімізді де жеткізгіміз келеді. Мүмкіндігінше сарбаздарға ыстық тамақ апарып, хәлдерін сұрап тұрамыз. Бұл іске тұрғындар да атсалысып жатыр. Жастардың аман болуы – еліміздің аман болуы, – деді «Ана жүрегі» сарбаздар аналарының комитетінің мүшесі Фарида Баубекова.

«Үш күннен бері тәулік бойы жұмыс істеп жатырмыз. Тепличныйдағы қорғаныс бөгетін нығайту барысы жеке бақылауымда. Кеше 30 мың қадам жүріп өттім, бүгін де осынша қашықтықты еңсердім», – деп жазды өңір басшысы Ғayez Нұрмұхамбетов әлеуметтік желіде.

Сындарлы сәтте аудандар да көмек көрсетуде. Көршілес өңірлерден құтқарушылар да келді. 90 мың құм толтырған қап төселіп, суға бөгет орнатылды. Бөгет астынан су ағуын болдырмау үшін сүңгуірлер де тартылуда. Облыс әкімі халықпен кездесіп, барлық қиындықтарға қарамастан тәулік бойы еңбек етіп жүрген азаматтарға шынайы алғысын білдірді.

Кызылжар ауданының Петропавл су қоймасынан төмен орналасқан Ольшанка, Большая Малышка, Вагулино, Барневка және Соколовка ауылдарында қазір тасқынның үшінші толқыны өтуде. Большая Малышка ауылындағы қорғаныс бөгеті нығайтылуда, оның барысын әкім Ғayez Нұрмұхамбетовтің өзі арнайы барып тексерді. Үйлерді су басуға жол берілген жоқ, эвакуация жасалды.

Барлық қызметтер күшейтілген режимде жұмыс істеп, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тасқын салдарын барынша азайту үшін шаралар қабылдануда.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»
Суреттер мен ақпарат Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің сайтынан алынды

ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

«СИНТЕТИКА» САТҚАН СТУДЕНТТЕР ҰСТАЛДЫ

Жетісу облысының сақшылары екі студенттен «синтетика» салынған 50 орама тауып, тәркіледі. Жоғары оқу орындарының 18 жастағы студенттері қала аумағында жасырын орындарға есірткі қойып, оның координаттарымен мессенджерде бөлісіп отырған.

Есірткі заттарын аса ірі мөлшерде өткізу жайы бойынша полиция тергеу жұмыстарын бастады. Күдіктілер қамауға алынды. Аталған қылмысты жасағаны үшін олар 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

С. АСҚАР

САҚТАНСАҢ САҚТАЙДЫ

Жетісу облысы ПД Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы азаматтарға интернет алаяқтықтан сақтану керектігін ескертеді. Қаскөйлер адамдардың сеніміне кіріп, мемлекеттік органдар мен банк қызметкерлері болып жалған танысу арқылы түрлі әдістермен алдайды.

Кең таралған алаяқтық схемалары:

• Байланыс операторы атынан: Алаяқтар қоңырау шалып, SIM-картаның жарамдылық мерзімі аяқталуға жақын екенін айтып, SMS арқылы келген 4 таңбалы кодты айтуды сұрайды. Осы арқылы олар жеке деректерге қол жеткізіп, несие рәсімдейді. Кейде өздерін мемлекеттік орган қызметкері ретінде таныстырып – «алаяқтықтың алдын алу үшін» деп қайта хабарласады.

Ескеріңіз: Мемлекеттік органдардың қызметкерлері мұндай мәселелерді телефон арқылы шешпейді – сізді тек жақын маңдағы бөлімшеге шақырады.

Банк қызметкері болып қоңырау шалу: «Банк қауіпсіздік қызметі» атынан қоңырау шалып, шотыңыздан күмәнді операциялар жүргізіліп жатқанын айтады. Ақшаңызды «қорғау» үшін оларды «резервтік шотқа» аударуды ұсынады және карта деректерін талап етеді. Алайда ешқашан SMS-кодтар мен банк картасының мәліметтерін ешкімге айтпаңыз.

Интернеттегі жалған хабарландырулар: Алаяқтар танымал платформаларда («Колёса», OLX, Instagram) төмен бағамен жалған тауар жарнамаларын жариялап, сізден алдын ала төлем жасауды сұрайды.

WhatsApp аккаунттарын бұзу: Қаскөйлер сіздің танысыңыздың аккаунтын бұзып, олардың атынан ақша сұрайды. Адамдар досы немесе туысы деп ойлап, алаяқтарға ақша аударады.

Кеңес: Мұндай жағдайда әрқашан хабарласқан адамға жеке қоңырау шалып, ақпаратты нақтылап алыңыз. Сонымен бірге, жеке деректеріңіз бен банк карталарының фотосуреттерін бөгде адамдарға бермеңіз;

• Онлайн саудада алдын ала төлем жасауға келіспеңіз;

• Белгісіз шоттарға немесе әмияндарға ақша аудармаңыз;

• Тіпті танысыңыз сұраса да, күмәнді шоттарға ақша жібермес бұрын жеке байланысқа шығыңыз;

• Алаяқтық белгілері байқалған сәтте бірден 102 нөміріне хабарласыңыз.

Сіздің мұқияттылығыңыз – қылмыскерлерден қорғанудың басты кепілі. Сақ болыңыз және жақындарыңызға ескертіңіз!

Е. КЕБЕКБАЙ

ЕСІРТКІ – ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ТАМЫРЫ

Есірткімен байланысты кез келген заңсыз әрекет қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғады. Нашақорлық – әлемді алаңдатып отырған өзекті мәселенің бірі. Қылмыстық кодексте есірткі заттарын қолданғандарға және тасымалдаушыларға ауыр жаза белгіленген. Сондай ақ, есірткіні жарнамалағандар да жазадан жалтармайды. Осы ретте, есірткі қылмысының алдын алу, оны болдырмау мақсатында Жетісу облысы ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасында сенім телефоны жұмыс істейді.

Есірткі – еркіндіктің емес, тәуелділіктің тамыры. Егер сіз есірткіге қатысты құқық бұзушылық дерегі бойынша қандай да бір ақпаратты білсеңіз немесе куә болсаңыз анонимді 8 (702) 488 9497 сенім телефонына хабарласа аласыз.

А. МӘУЛЕНБАЙ

КИЕ

ЕЛДІГІМІЗ БЕН ТЕҢДІГІМІЗДІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Тіл – ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы – оның ана тілінде. Тіл халықпен бірге өмір сүріп дамиды.

Тіл – халықтың жан-дүниесі, рухани негізі мен ел еркіндігін, ұлттың ұлылығын танытатын басты күш, біріктіруші құрал. Сондықтан мемлекеттік тілді білу – өмір талабы, заман сұранысы, қоғам кажеттілігі деген жөн. Әрбір қазақстандық осы орайдағы азаматтық міндетін атқарғанда ғана, нәтиже сүбелі болатындығына күн сайын көз жеткізіп келеміз.

Тіл – тәуелсіздіктің айғағы. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тілсіз – тәуелсіздік, егемендіксіз – тіл болмақ емес. Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Тәуелсіздіктің үлкен бір талабы да осы. Егер құнарлы құнын түсірмей, күнделікті қолданыс аясын кеңейтуге өзіміз үлес қоспасақ, өзгелерден қалай талап етеміз.

Мемлекеттік тіл – өсіп-өркендеп, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміз бен теңдігіміздің қайнар көзі, кемелді келешегіміздің ұйытқысы. Бұл маңызды міндетке өзіміз ұйытқы болып атсалыспасақ, оған өзгенің жаны ашымасы анық. Демек, болашағымыз жарқын, мемлекет тұғырының биік болуы ең бірінші-ден өзімізге байланысты.

Ильяс КӘКІМ,
Көкшетау қаласының мамандандырылған тергеу сотының төрағасы

ҚАЗАҚ ТІЛІ – МӘҢГІЛІК!

Болмысында ата дәстүрге берік халық – қазақ халқы болар. Ізгі істі ұлықтаушы ұлы халықтың алтын қазынасы – ана тілі.

Ата қанымен, ана сүтімен бойына сіңген бұл қасиет оны биіктетіп тұрған. Ал ана тілден құдіретті, ана тілінде жеткізген ойынан ардақты не бар дейсің? Тек соның қадірін, қасиетін ұлықтай алдық па біз? Бұл сауалдың жауабы – хәкім Абайдың ой-өрнектерінде өнегелі өрімдермен өрілген даналық та, осы асыл тіліміз арқылы мұра болып келеді.

Қай кезде болмасын тіл мәселесі – сол тілде сөйлейтін, содан сусындаған, ұлттық, діл-дік белгісі болып саналатын халықтың мәселесі. Әрбір халықтың ана тілі бар десек, өз ана тіліміздің барша болмысы, тіпті оның әрбір дыбысы мен жалғау-жұрнағы мәдени-әлеуметтік өмірде өзіндік мәні бар киелі ұғым. Ұлттың тілінің өрісі тарыла бастауы ұлттың да жойыла бастағандығын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат еш нәрсе болмауы тиіс. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың шежіресі, тарихы, мәдениеті, мінезі айнадай көрініп тұрады. Мәселен, қазақтың тілінен қазақтың кең байтақ сайын даласын, аспанмен таласқан асқар тауларын, жасыл-желек ормандары мен буырқанып сарқыраған асау өзендері мен көзтартар айдын көлдерін, қайыспас қайсар мінезі мен көшпенділік тұрмыс-салтын айқын аңғаруға болады. Сондықтан білікті де белгілі тіл танушылардың «Қазақтың сары даласы кең, тілі бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, оралымды, терең тіл жоқ», – деп тұжырымдауы тегін емес.

Мемлекеттік тілді игеру, мемлекет азаматы болып өмір сүру – өзің өмір сүріп отырған мемлекетке және сол мемлекетті құрған халыққа «азаматпын» деп берген уәдені орындау – парызың. Ол сенің елге деген құрметің!

Сонымен қатар, Қазақстан мемлекетінің азаматы екенімізді жан-жүрегімізбен түсінсек, болашақ ұрпаққа Отан алдында жауапты екенін ұғындырсақ, тіл мәдениетін көтеріп, оның ішінде өзге тілдерге көлеңке түсірмей, өз тілін өркендетуге жол ашсақ. Бұл еркіндік азаматтық тұрғыда, қоғамдық асыл мұраттармен қорғалуы тиіс.

Бейбіт ОРАЗАЕВА,
Жамбыл облысы бойынша қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің жетекші маманы

САУАТТЫ СӨЙЛЕП, ТҮСІНІКТІ ЖАЗУ – МІНДЕТ

ҚР Конституциясында қазақ тілі – мемлекеттік тіл ретінде бекітілген. Бұл – еліміздің тәуелсіздігі мен ұлттық болмысының айқын көрінісі. Ал елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ететін сот жүйесінде мемлекеттік тілдің рөлі ерекше маңызды.

Мемлекеттік тілді меңгеру тек міндет ретінде емес, жүрек қалауымен болуы керек. Себебі, тіл – тек қатынас құралы емес, ол – ұлттың жаны мен болмысы. Тілді құрметтегені – мемлекетті, елді, ұлтты құрметтегені.

Сот жүйесінде қызмет ететін мемлекеттік қызметкерлер – судьялар, сот отырысының хатшылары, кеңсе қызметкерлері – күн сайын халықпен тығыз байланыста жұмыс істейді. Олар шағым, арыз, талап-арыз, өтініш секілді құжаттарды қабылдап, іс жүргізеді. Осы процесте мемлекеттік тілде сауатты сөйлеп, түсінікті жаза білу – халықтың сеніміне ие болудың негізі.

Қазіргі таңда елімізде сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілді қолдану деңгейі жыл санап артып келеді. Сот отырыстарының мемлекеттік тілде өтуі, сот құжаттарының қазақша дайындалуы – тіл саясатының нәтижелі жүзеге асып жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар, сот жүйесі қызметкерлеріне арналған қазақ тілі курстары, біліктілікті арттыру семинарлары тұрақты түрде өткізіліп келеді. Мәселен, біздің сотта әр аптаның бейсенбісінде Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығының оқытушысымен судьялар мен мамандардың арасында қазақ тілін білу деңгейін анықтау мақсатында В1 деңгейі бойынша қазақ тілін дамыту курсы өткізіліп келеді. Курста көрнекі құралдарды пайдалана отырып, танымдық сабақ өткізіледі.

Г. САРСЕНБАЕВА,
Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы - сот отырысының хатшысы

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫҢ НЕГІЗІ

Мемлекеттік тіл – елдің тұтастығы мен бірлігінің символы, ұлттық болмыстың негізгі тіректерінің бірі.

ҚР Конституциясына сәйкес, қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Бұл тілдің қоғамдағы рөлі мен маңыздылығын күшейту үшін түрлі бағдарламалар мен реформалар жүзеге асырылып келеді.

Мемлекеттік тілдің маңызы:

1. Ұлттық бірегейлік мемлекеттік тіл – ұлттың басты құндылықтарының бірі. Ол халықтың тарихын, мәдениетін, рухани мұрасын сақтауға және келер ұрпаққа жеткізуге көмектеседі.

2. Қоғамдық келісім мен тұрақтылық

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде барлық этностарды біріктіруші фактор болуы тиіс. Бұл елдегі тұрақтылық пен татулықты нығайтады.

3. Халықаралық аренадағы орны.

Мемлекеттік тілдің мәртебесі артқан сайын, Қазақстанның халықаралық деңгейдегі беделі де өседі. Қазақ тілінің ғылым, технология, бизнес және мәдениет салаларында қолданылуын арттыру – елдің дамуы үшін маңызды қадам.

Мемлекеттік тілдің дамуы – Қазақстанның стратегиялық басымдықтарының бірі. Қазақ тілінің толыққанды қолданылуы үшін әр азамат өз үлесін қосып, оны үйренуге және күнделікті өмірде қолдануға тиіс.

Мемлекеттік тілдің болашағы – халықтың өз қолында.

Мөлдір БАҚТЫГЕРЕЕВА,
Атырау қаласы №2 соты әкімшісінің бас маманы - сот мәжілісінің хатшысы

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

Мемлекет басшысы өз жолдауында отандық өнім шығаруды көптеп қолға алуды айтқан еді. Елді осы салаға ынталандыру қажеттігін баса айтқан Президент халыққа сапалы өнімді қажетті көлемде тұрақты ұсына алатын кәсіпорындарды көбейтуді тапсырды. «Мемлекет отандық өнім өндірушілерді қорғауға міндетті. Бұл – біздің экономикамыз өзгелер үшін жабық деген сөз емес. Экономикамыз басқа елдерге әрдайым ашық болуға тиіс. Бірақ ұлттық бизнестің мүддесін қорғау керек», – деді өз сөзінде Қасым-Жомарт Кемелұлы.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ НЕГЕ АЗ?

Қала һәм ауыл болсын, әйтеуір қажеттіні дүкеннен іздейтініміз анық. Күнде немесе күнара азық-түлік пен тұрмыстық заттар алуға супермаркеттерден бөлек, шағын сауда үйлерінің есігін ашамыз. Бірақ өзіміз сатып алып һәм тұтынатын заттың отандық не шетелдік өнім екеніне алаңдап жүргеніміз шамалы. Байқап қарасақ, алатын тауардың басым көпшілігі – көрші Қытай не Ресейден келгендей.

Әдетте сауда және интеграция әр кез отандық өндірушілерді қолдайтынын, сондай-ақ жұмыс орындарын сақтау және экономикалық қауіпсіздікке қатысты жобалардың іске асып жатқанын айтып жүр. Бір ғана мысал, жақында Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев мемлекет алдында заманауи көпформатты сауда үлесін 2029 жылға дейін 70%-ға жеткізуді көздейтін стратегиялық мақсат тұрғанын, былтыр 16 сауда орнында жаңғырту аяқталғанын мәлімдеді. Сондай-ақ 2025 жылға арналған министрліктің негізгі басым міндетін сөз етіп, отандық тауарларды ілгерілету, яғни қазақстандық өндірушілердің позицияларын нығайту, импортқа тәуелділікті азайту және қосымша құн жасауға ынталандыру жағы қолға алынатынын айтты. Аталған мәселе жыл басында сала министрі Арман Шаққалиев Алматыдағы ірі сауда желілерін аралап, сауда субъектілерінің өкілдерімен кездескенде де талқыланды. Кездесуде дәл осы дүкен сөрелеріндегі отандық өнімдердің үлесін арттыру жайы сөз болған.

«Біз отандық фермерлермен және өндірушілермен тығыз жұмыс істейміз, олардың өнімдерін сауда желілерімізге жеткізуге күш салып жатырмыз. Ірі сауда желілеріндегі көкөністердің барлығы – қазақстандық фермерлердің өнімі. Сондай-ақ, құс еті мен өсімдік майы сияқты басқа да әлеуметтік маңызы бар өнімдердің үлесін арттыру маңызды қадам болып отыр», – деді министр бұл кездесуде.

Отандық өндірушілерді одан әрі қолдау мақсатында министр бірқатар бекітілген міндеттемелер туралы айтты. Атап айтқанда, «Қазақстанда жасалған» деген арнайы белгілердің болуы міндеттелген. Сонымен қатар, ішкі сауданы қолдау функциясының заңнамалық түрде Сауда министрлігіне берілуі отандық өндірушілерге үлкен мүмкіндік болып отыр. Бұл шара мемлекеттік қолдау алған сауда объектілеріне сөре кеңістігін 20%-ға арттыруды міндеттейді. Енді дүкен сөрелерінің кемінде 50%-ы отандық азық-түлік өнімдерімен, ал 20%-ы кемінде тұрмыстық тауарлармен толтырылуы тиіс. Әрі бұл тауарлар тұтынушылар үшін көрнекі әрі қолжетімді жерге орналастырылуы керек.

«Тұтынушыларды алдауға жол бермеу үшін біз тауарлардың сапасы мен орналасуына қойылатын талаптарды күшейттік. Мысалы, тауарлар дұрыс көршілестік қағидаты бойынша орналастырылуы тиіс. Сүт өнімдері сүт сусындарымен, ал май – майдың балама түрімен қатар тұрмауы қажет», – дейді өз сөзінде Арман Шаққалиев.

Министр айтқан отандық өнім мен тауарлардың көпшілікке қолжетімді болуы – тек Алматы ғана емес, барлық өңірлерге де тиісті міндет екені белгілі. Әрі бұл елге қажеттіні өз отанымызда өндіріп отырған кәсіпкерлер үшін де үлкен қолдау болары анық.

«Отандық өнімдердің үлесі жыл сайын артуда» дейтін салалық министрлік не комитеттегілердің мәліметі рас па? Кейбір мамандардың бұған күмәні бар. Бүгінде көптеген мемлекет өзінің ішкі нарығын қорғауда жүйелі жұмыс істеп келеді. Дамыған елдердің біразы протекционистік өнеркәсіп саясатына көшті. Ал салалық одақ басшылары айтуларынша, елімізде импорт үлесі отандық өндірістің қысқаруына байланысты бірнеше есе өсті. Бұл жерде қазақстандық өндірушілер сападан ғана емес, бағадан да ұтылып жатыр. Мәселен, Ресей мен Беларусьтің біздегі импорттық үлесі өзімізге қарағанда, әлдеқайда жоғары. Беларусьте өндірушілерге мемлекет қолдауы – 18, Ресейде – 10, ал Қазақстанда 6 пайызды ғана құрайды.

«Бірінші кезекте өндірісті ынталандырып, технологияны дамыту керек. Шикізаттық тәуелділікті азайтып, өнеркәсіпті әртараптандыруды қолға алған жөн. Екіншіден, отандық кәсіпорындарға субсидиялар мен салық жеңілдіктері берілгені дұрыс. Әсіресе, жеңілдетілген несие керек. Үшіншіден, әкімшілік кедергілерді азайту, оның ішінде бюрократиялық кедергілерді жоюда жұмыс тоқтамауы тиіс. Төртіншіден, жергілікті өндірісті ынталандырудың тағы бір жолы – мемлекеттік сатып алу кезінде отандық өндіріске басымдық беру. Бесіншіден, энергетикалық, цифрлық инфрақұрылымды дамыту да аса өзекті мәселе. Одан кейінгі фактор – валюталық және қаржылық тұрақтылықты сақтау. Себебі ұлттық валютаның күрт әлсіреуі инфляцияны жоғарылатады», – дейді экономист Бауыржан Ысқақов.

Айтпақшы, отандық өндірісті қолдау үшін импорттық тауарларды шектеу керек дейтіндер де бар. Ал Бауыржан Ысқақовтың айтуынша, бұдан пайда жоқ. Сарапшының сөзінше, егер ішкі нарық толық қорғалып, бәсекелестік шектелсе, отандық өндірушілердің тиімділігі төмендеп, өнім сапасы нашарлауы мүмкін. Бұған қоса біздегі агроөнеркәсіп, машина жасау, фармацевтика секілді стратегиялық салаларды қолдауды күшейтпесе болмайды. Екінші жағынан Еуразиялық экономикалық одақ та саланы тежеп тұрғандай. Отандық сарапшылар одақ тек ресейлік және беларусь өнімдеріне көбірек мүмкіндік беріп, қалғанын тықсырып жүргенін айтуда.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

ТЕХНОЛОГИЯ

Mastercard компаниясы Қазақстанда киберқауіптерді болжауға арналған Threatcasting (қауіптерді болжау) әдіснамасы бойынша оқыту семинарын өткізді. Оған банк және қаржы секторының өкілдері қатысты.

КИБЕРҚАУІПТЕРДІ БОЛЖАУ КЕЗЕК КҮТТІРМЕЙДІ

Threatcasting әдісі тәуекелдерді басқарудың жүйелік тәсіліне негізделген және күрделі, болжауға қиын ортада болашақ қауіп-қатерлерді модельдеуге арналған. Ол сарапшылармен сұхбат, деректерді талдау және ықтимал оқиғаларды модельдеуді қамтитын кешенді процесті көздейді. Осы тәсілдің нәтижесінде компаниялар мен нарық ойыншылары, болашақ қауіптердің алғашқы белгілерін анықтап, олар жүзеге асқан жағдайда қолдануға болатын әрекеттер жиынтығын алады.

«Болашақ қауіптерден қорғау – тек бір ұйымның емес, бүкіл қауымдастықтың: мемлекет, бизнес, әртүрлі салалардағы сериктестердің ортақ міндеті. Бізге қауіптерді болжау, халықтың хабардарлығын арттыру және қорғану стратегияларын әзірлеу үшін қазірден бастап белсенді жұмыс істеу қажет. Біздің бірегей Threatcasting әдістемеміз (қауіптерді болжау) – бұл әлі толық көрініс таппаған тәуекелдерге дайын болуға көмектесетін құрал. Бұл болашақ қауіптерді алдын ала болжау және оларға қарсы әрекет ету тәсілдерін әзірлеуге арналған тиімді шешім», – Mastercard-тың ЕЕМЕА өңірі бойынша корпоративтік қауіпсіздік басшысы Майкл Латца. Оның айтуынша, болашақтағы тәуекелдерге сенімді түрде қарсы тұру үшін, мемлекет, бизнес, ғылыми орта және технологиялық сериктестердің үйлесімді жұмысы қажет. Тек бірлескен әрекеттер арқылы ғана қауіп-қатерлерге төтеп беріп, барлық қатысушылар үшін қауіпсіз әрі орнықты сандық экожүйе қалыптастыруға болады.

Бұл семинар барысында қатысушылар, болашақтағы ықтимал қауіпті сценарийлерді талдап, Қазақстандағы картаны ұстаушыларға, компанияларға және бүкіл бизнес-экожүйеге әсер етуі мүмкін тұрақсыздық факторларын өңірлік және жаһандық деңгейде зерттеді.

Threatcasting – бұл болашақ қауіптерді модельдеу және әрекет ету стратегияларын әзірлеуге мүмкіндік беретін болжамды-талдамалық әдіс. Ол сандық және сапалық деректерді біріктіреді, атап айтқанда: әлеуметтік, техникалық, мәдени және экономикалық факторлар; трендтер мен сарапшылар бағасы; ғылыми фантастика элементтері – ықтимал сценарийлерді елестету құралы ретінде.

Бұл әдіс алдағы он жылдағы әлемге болашақ қауіп-қатерлер тұрғысынан қарауға, сол қауіптердің әсеріндегі адамның күйін көруге мүмкіндік береді. Threatcasting әдісінің 5 кезеңі бар. Олар: индикаторлар – қауіптің жақындағанын білдіретін алғашқы белгілер. Алдын алу – қауіптің өршуін болдырмауға бағытталған әрекеттер. Жеңілдету – қауіп жүзеге асқан жағдайда оның салдарын азайту. Оқиға – нақты триггер немесе жағдай. Қалпына келтіру – тұрақты жағдайға оралу және болашақ қауіптерге дайындық.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

БАЗЫНА

АУДАРМАШЫЛАР ДАЙЫНДАУ ІСІНЕ КӨҢІЛ БӨЛГЕН ЖӨН

Қазақстанда қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілген. Сәйкесінше сот істерін жүргізуде де қазақ тіліне басымдық беріледі.

Азаматтық процестік кодекстің 14-бабына сәйкес азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар орыс тілінде және заңда белгіленген жағдайларда басқа тілдер де қолданылады. Осы ретте мына мәселеге назар аударғанымыз жөн. Қазақстанда бір ғана мемлекеттік, ресми тіл бар. Ол – қазақ тілі. Сондықтан, орыс тілін ресми тіл деп шатастырмауымыз керек.

Бүгінде қазақ тілінің қолданылу аясы кеңейіп келеді. Мектепте оқитын балалардың, жоғары оқу орындарына құжат тапсырған үміткерлердің 80 пайызы мемлекеттік тілді таңдайды. Бұл ел тұрғындарының басым бөлігі қазақ тілін білетінін, болашағын қазақ тілімен байланыстыратынын көрсетеді.

Азаматтар кейде құзырлы орган өкілдері ескертпеген соң, кейде адвокаттардың айтуымен арызын орыс тілінде жазғанын айтып жатады. Мұндай жағдайда істі сот талқылауына дайындау кезінде екі тараптың да жазбаша өтінішхаты бойынша сот ұйғарымымен сот ісін жүргізу тілін өзгертуге болады. Сондай-ақ егер істі бірінші сатыдағы сотта қарауға дайындау барысында талап қоюшының өз өкілі талап қою берген тілді білмейтінін айтса, судья талап қоюшының жазбаша өтінішхаты бойынша сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы ұйғарым шығара алады.

Қазақстан құқықтық, зайырлы, өркениетті елдер көшіне ілесуге ұмтылған ел. Сондықтан бізде азаматтардың өз құқығы мен бостандығын сапалы, қиындықсыз қорғауына барлық мүмкіндік қарастырылған. Мәселен, сот тараптары іс жүргізілетін тілді білмейтін немесе жеткілікті түрде білмейтін жағдайда олар аудармашы қызметіне жүгіне алады. Сондай-ақ есту, сөйлеу қабілеті нашар, мүмкіндігі шектеулі жандар да сотта ымдау тілі маманының қызметін тегін пайдалану құқығына ие.

Сот процесінде аудармашының рөлі ерекше. Аудармашы тілдерді жетік біліп, процеске қатысушыларға айтылған сөздердің мағынасын барынша дәл жеткізуі керек. Яғни, жұмысын тиімді орындау үшін ол екі тілде де заң терминологиясын жақсы меңгеруі және сотқа талап етілген саланы түсінуі керек. Қазіргі кезде екі тілді жетік білетін, жылдам аударма жасай алатын, заң терминологиясын терең игерген аудармашыларды оқыту, дайындау өте өзекті. Мемлекет алдағы уақытта осы мәселеге көңіл бөлсе құба-құп.

Руслан МӘЛІКҰЛЫ,
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің оқытушысы

ТАРАТУ

5. «ASU монша» ЖШС, БСН 190240025752, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Мұқанов көшесі, 218-үй. Тел. +77076383822.

6. «Italmoda» ЖШС, БСН 101040016227, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 050040, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 77/7. Тел. 87072186794.

11. «Каспий Оқу Орталығы» ЖШС, БСН 140640004844, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, К.Мұхамедханов көшесі, 53-үй, тел. 87019999186.

12. «ТОО Медицина» ЖШС, БСН 220340002160, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Кеген ауданы, Кеген ауылы, Д.Қонаев көшесі, 102/4, тел. 87783708383.

13. «Аружан-Инвест» Микрокредиттік ұйымы» ЖШС, БСН 070940006628 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда қ., М.Шоқай к., 164-үй, тел.: 87011113942.

14. «Art logistic group» ЖШС, БСН 211240012650 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Жібек жолы көшесі, 77-үй, құр. 12, тел. 87017153608.

15. «Special Logistics» ЖШС, БСН 230940012697 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Үлкен Шаған ауылы, М.Мәметова көшесі, 13-үй, тел. 87057002055.

16. «Quality Logistics Group» ЖШС, БСН 230940026855 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Сыпал Метаев көшесі, 79-үй. тел.: 87057651136.

7. Қоғамдық тыңдаулар!
«Боке» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Жобалық құжаттаманың атауы: «Васильевское алтын кен орнының (Тихая аймағы) тау-кен өндіру жоспарына» ықтимал әсері туралы есеп. Әсер ету аймағы: Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал а/о. Жұмыс учаскесінің ауданы 0,44 км² құрайды. Координаттар: 1. 49.4’38.4300»сш, 81.36’36.19998»; 2. 49.4’35.0000»сш, 81.36’10.0000»вд; 3. 49.4’26.51996»сш, 81.36’9.99998»вд; 4. 49.4’30.03941», 81.36’3.79121»вд; 5. 49.4’34.99982»сш, 81.36’3.99987»вд; 6. 49.4’49.54377», 81.35’31.13039»вд; 7. 49.4’55.79198»сш, 81.35’45.13413»вд; 8. 49.4’52.39741»сш, 81.36’8.34977»вд; 9. 49.4’45.4000»сш, 81.36’16.6600»вд.
Қоғамдық тыңдаулар 09.06.2025 жылы сағат 11:00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал ауылы, Жаңаөзен ауылы, Ер Жәнібек көшесі, 8, «Ақжал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында өтеді. Ақжал және Бөке елді мекендері әкімшілік жағынан Жаңаөзенге жататын Ақжал ауылдық округіне жатады. Бөке, Ақжал кенттерінің тұрғындары үшін қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін көлік беріледі. Бөке және Ақжал кенттерінен көлікті жөнелту уақыты 09.06.2025 жылы сағат 09:30-да.
Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: https://us04web.zoom.us/j/73019811612?pwd=ZGQXFjOShb05NsIhFDRubjkydFhQMy.1
Конференция идентификаторы: 730 1981 1612, кіру коды: L113hX. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша көзделіп отырған қызмет бастамашысының телефондары бойынша хабарласуға болады.
Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады https://ndbecology.gov.kz, сондай-ақ «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында e-priroda.gov.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat.
Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ: Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады: 8 (7222) 35-44-32. Электрондық мекенжайы: prirodnyye-resursy-obl.abay@mail.ru.
Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.
Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Боке» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 75/7 үй, БСН 080840017304, e-mail: wowzeroskill@gmail.com, тел. 8 775 176 01 47.
Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Legal Ecology Concept» ЖШС, Өскемен қаласы, 070002, М.Горький көшесі, 21, БСН 211040029201, тел. +77774149010, e-mail: toolec21@gmail.com.
Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел. +7 777 414 90 10.

8. Қоғамдық тыңдаулар!
«ГМК «Васильевское» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Жобалық құжаттаманың атауы: «Васильевское алтын кен орнының (Тихая аймағы) тау-кен өндіру жоспарына» ықтимал әсері туралы есеп. Әсер ету аймағы: Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал а/о. Жұмыс учаскесінің ауданы 0,44 км² құрайды. Координаттар: 1. 49.4’38.4300»сш, 81.36’36.19998»; 2. 49.4’35.0000»сш, 81.36’10.0000»вд; 3. 49.4’26.51996»сш, 81.36’9.99998»вд; 4. 49.4’30.03941», 81.36’3.79121»вд; 5. 49.4’34.99982»сш, 81.36’3.99987»вд; 6. 49.4’49.54377», 81.35’31.13039»вд; 7. 49.4’55.79198»сш, 81.35’45.13413»вд; 8. 49.4’52.39741»сш, 81.36’8.34977»вд; 9. 49.4’45.4000»сш, 81.36’16.6600»вд.
Қоғамдық тыңдаулар 09.06.2025 жылы сағат 10:00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал ауылы, Жаңаөзен ауылы, Ер Жәнібек көшесі, 8, «Ақжал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында өтеді. Ақжал және Бөке елді мекендері әкімшілік жағынан Жаңаөзенге жататын Ақжал ауылдық округіне жатады. Бөке, Ақжал кенттерінің тұрғындары үшін қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін көлік беріледі. Бөке және Ақжал кенттерінен көлікті жөнелту уақыты: 09.06.2025 жылы сағат 09:30.
Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: https://us04web.zoom.us/j/71590849939?pwd=KbEaxUTpfan2jH2SmyDvrNHEBW2td0.1
Конференция идентификаторы: 715 9084 9939, кіру коды: 7w6Rjp. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша көзделіп отырған қызмет бастамашысының телефондары бойынша хабарласуға болады. Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады https://ndbecology.gov.kz, сондай-ақ «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында e-priroda.gov.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat.
Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ: Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады: 8 7222 35 44 32. Электрондық мекен-жайы: prirodnyye-resursy-obl.abay@mail.ru.
Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.
Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «ГМК «Васильевское» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 75/7 үй, БСН 080840017304, e-mail: wowzeroskill@gmail.com, тел. 87751760147.
Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Legal Ecology Concept» ЖШС, Өскемен қаласы, 070002, М.Горький көшесі, 21, БСН 211040029201, тел. +77774149010, e-mail: toolec21@gmail.com.
Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел. +7 777 414 90 10.

ӘРТҮРЛІ

2. «Орал Құрылыс Жөндеу Сервис» ЖШС, БСН 090240006249, жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Желтоқсан көшесі, 6/1.

3. «Жаңаөзен қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 050240009237, бөлу жолымен қайта ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды:
1. «Жаңаөзен қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
2. «Жаңаөзен қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.
Талаптар мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Жалын ш/а, 25Б құрылысы. Тел. 8 (72934) 47 372, 47 514.

17. Астана қаласының МАЭС 2025 жылғы 14 сәуірдегі ұйғарымымен «Fruit City Service» («Фрут Сити Сервис») ЖШС-не қатысты (БСН 180340004810), оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Талаптар мына мекенжайларда қабылданады: Қазақстан, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Алаш тасжолы, 31/1 ғимараты (нарық әкімшілігінің ғимараты) немесе Шымкент қаласы, «Отырар» шағынауданы, 41 үй, 24 пәтер (кеңсе). Телефон: +77017339732, электронды пошта: Erzhan_karabalin@mail.ru.

10. «Байғанин аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 060140005728, «Байғанин аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 131040024322, «Байғанин аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі қосылу арқылы өзінің қайта құрылуы туралы хабарлайды. Шағымдар келесі мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы, Д. Қонаев көшесі, 35а. Телефон: 8 (71345) 79048 (ішкі 1012).

МҰРАГЕРЛІК

4. 2024 жылы 23 қарашада Оспанбаев Бауыржан Бакытжановичтің қайтыс болуына байланысты артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Брюллова көшесі, 5/1 мекенжайы бойынша нотариус А.Б. Нукееваға хабарласуы керек. Тел. 87024662773, 87472871107.

Қызылорда облыстық соты және Сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, Судьялар одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы облыстық соттың судьясы Абдуллаев Қанатбек Амангелдіұлына ағасы
МУБАРАКОВ Қамбарбек Амангелдіұлының
қайтыс болуына байланысты отбасына көңіл айтады. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.»,
Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а,Молодежный 3-үй,1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ХҚО аумағы. ¥ялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

СОҢҒЫ АЙҒАҚ

Қарашаның қара суығы мен өңменнен өткен ызғарды жапалақтап жауған қар басып жібергендей. Кешкісін жауған алғашқы қар әлі жерге толық жайыла қоймаған.

Баяу жел ағаш басындағы бірен-саран жапырақты сыбдырлатып, ауада салқындық пен күздің ызғары сезіледі. Саябақтағы шамдар жарығын шашып, ағаш арасынан сығалап тұрғандай. Саябақтағы осы бір күзгі сұлулыққа Әлім тамсана көз тастап, әр сәттен ләззат алып келеді.

Саябақтағы ескі ағаш орындықтың бірінде жалғыз отырған әйелдің мұңға толы жүзі, көзінен баяу аққан жасы Әлімнің жүрегіне еріксіз әсер етті. Бұл – Сара болатын. Сол күні күндізден бері оның жан-дүниесі аласапыран күй кешіп, ауыр күйзелісте жүрген. Түрмеде жазасын өтеп жатқан Маратпен таңертеңнен бері телефон арқылы жанжалдасып, бір мәмілеге келе алмады. Арадағы қашықтық қана емес, жылдар бойы жиналған ашу-ыза, түсініспеушілік, салқындық олардың қарым-қатынасына ауыртпалық түсіріп, оны әбден қажытқандай еді.

Сара өміріне көлеңке түсірген барлық нәрседен шаршап, осы саябаққа келіп, бар ойымен жалғыз қалып, жүрегінің жарасын жеңілдеткісі келген. Ол бір сәт үнсіздікте отырып, өткен өмірінің ауыртпалығын, бақытқа деген әлсіз үмітін ойлады. Көз жасын сүртуге де шамасы жоқ, енді ешкімге мұңын айтуға құлқы да болмағандай, тек сүлесоқ отыр.

Әлім жүзі солғындау, иығы еңкіш тартқан, ал көзі терең мұңға толы Сараның жанынан жайлап өтіп кеткісі келді, бірақ аяқтары өздігінен әйелге қарай бұрылып, оған бейсаналы түрде жақындай түсті. Оның жүрегінде жанашырлық сезімі пайда болып, жүзінде мұң тұрған әйелге көз қиығымен ұзақ қарап қалды.

Әлім әйелдің көз жасына қарап, бала күніндегі қиындықтарды есіне түсірді. Ол анасының ауыр тағдырын, әкесінен көрген күнделікті зорлық-зомбылығын ойлады. Сол кезде кішкентай бала анасын қалай қорғағысы келетінін ойлайтын, бірақ қолынан ештеңе келмейтін. Бүгін өзі есейіп, қолынан көмек келетін адамға айналғанда, дәл осындай мұңды жүзді қайта көріп, бей-жай қала алмады. Әлім еріксіз қыздың жанына отырып, жұмсақ үнмен:

– Бәрі жақсы ма? – деп сұрады. Сұрағы сол сәтте тым қарапайым көрінгенімен, әйелдің көзіндегі шарасыздыққа үңілгісі келді.

Сара басын сәл көтеріп, сұрақ қойған адамға көз тастады. Оның жанарынан жанашырлықты сезгенде, өзінен-өзі еріксіз жылап қоя берді. Терең күрсінген Сара:

– Кейде барлық ауыртпалықтан қашып, адам аяғы жүрмес бір жерге қашып кеткің келеді, – деп сыбырлады.

Әлім үнсіз тыңдап отырды, бірақ әр сөзін жүрегіне жақын қабылдағандай, оның жанынан алыстап кеткісі келмеді. Ол мұңды әйелге жанашырлық танытып, оған қандай да бір демеу болғысы келді.

– Кейде бізге жай ғана біреудің қолдауы керек. Егер қаласаңыз, мен сіздің қасыңызда болуға дайынмын, – деді сабырлы үнмен Әлім.

Сол сәтте Сара бейтаныс адамның жылуын сезіп, оған алғаш рет күлімсіреді. Әлім сабырмен, бар ықыласымен Сараның әңгімесін тыңдап отыр. Әйелдің де өзінің күрделі тағдырын алғаш рет бейтаныс адамға ашық айтып жатқаны осы. Өмірінде көрген қиындықтары туралы айту оған оңай соқпады, бірақ жүзіндегі жылы шырай мен жанашырлық Сараның жүрегіндегі сырды ақтаруға дем бергендей.

– Күйеуім... – деп бастады Сара. – ...өмірімді қасіретке айналдырды. Түрмеге түсіп, жазасын өтеп жатқанына қарамастан, маған тыныштық берер емес. Қарым-қатынасымыз оның абақтыға түсуіне дейін де жайсыз еді, ұрыс-керістен көз ашпадық. Ал қазір, ол абақтыда болғанына қарамастан, мені жазғырумен келеді.

Бір күрсініп, сәл тыныстап алды да, әңгімені жалғастырды:

– Бүгін сөйлескенімізде ол маған ашумен тағы қоқан-лоқы көрсетті. «Менің айтқанымды істемесең, бостандықта жүрген сыбайластарым арқылы көзіңді құрта саламын» деп қорқытты. Түрмеде отырып-ақ менің өміріме қол сұғудан қаймықпайды. Оның достарының кім екенін білмеймін, бірақ олардың қандай адамдар екенін сеземін... Өзі қандай болса, достары да сондай, – деді бір сәт ашуға беріліп.

Сараның көзі жасқа толып, дауысы дірілдеп кетті. Әлім де оның бойындағы қорқынышты, дәрменсіздікті байқады.

– Сенің орныңда кез келген адам қорқып кетер еді, – деді Әлім. – Түсінемін. Мұндай қорқытудан кейін жүрегің тыныш таппайтыны анық. Егер біреудің қолдауы қажет болса, мен қасыңдамын. Сен жалғыз емес екеніңді білуің керек.

Сара оған қарап, әлсіз жымиып қойды.

Осы бір кездейсоқ кездесудің арқасында Сара жүрегіндегі ауыртпалықтан біршама жеңілдеп, жанындағы бейтаныс адамның жылы сөзі арқылы үміт отын қайта сезгендей болды. Бұл оның алғаш рет ішіндегі қасіретін еш бүкпесіз ашып айтуы еді. Осылайша екеуінің арасында таңғажайып байланыстың ұшқыны пайда болды. Екеуі сол түні ұзақ әңгімелесіп, бір-біріне өмірде көргендерін, көкейге түйгендерін кезек-кезек әңгімелеумен болды. Уақыт сырғып жатты. Сағат тілі түнгі он бірге тақап қалғанын екеуі де білмей қалған екен. Ал жігіт өзіне бір ерекше міндетті жүктеп алып, алдағы өмірінде осы әйелдің қасында болып, оны барлық қиындықтан қорғауға дайын екенін сезінді. Саябақтың салқын ауасы енді суық емес, керісінше, жүректеріне жылу беріп тұрғандай болды. Екеуінің тағдыры күтпеген жерден қиылысып, бір-біріне сүйеніш бола алатындай сезіммен түйіскен еді.

* * *

Сол кездейсоқ кездесуден кейін Әлім мен Сара бір-бірін жиі іздейтін болды. Әлім күндер өткен сайын Сараға деген қызығушылықтың ғашықтыққа алып келерін түсінбеді. Оның жүріс-тұрысына, әңгіме айтқандағы көзқарасына, адаммен қарым-қатынас жасау тәсіліне сүйсінетін. Әрбір қоңырау, әрбір хабарлама олардың араларындағы байланысты тереңдете түсті. Олар кез келген мүмкіндікте сырласып, ұзақ сөйлесетін. Сараның күлкісі мен сыңғырлаған үні Әлімнің қарабайыр өтіп жатқан күңгірт күндерін нұрландырып, оның өміріне жаңа бояу енгізгендей болды. Ол үшін Сара жай ғана сүйікті адам емес, үміт отын қайта жандырған, болашаққа сенім берген бірегей жанға айналды.

Сара да Әлімнің қасында өзін еркін сезініп, жаны тыныштық табатын. Өйткені Әлім оның ойындағысын көзінен ұғатын, оған айтқызбай сөзсіз қолдау білдіретін. Ұзақ үнсіз отырса да, бұл үнсіздіктің өзі олардың арасында терең байланыс орнатуға жетіп жататын.

Қос ғашық Алматы алақандай болып көрінетін Көктөбеде шамдары жымыңдаған қаланың кешкі көрінісіне көз тастап отыр. Әлімнің көзіне көзі түйіскен Сара:

– Сенімен бірге жүргенде өзімді бақытты сезінемін. Бұған дейін менің өмірімде мұндай сезім болған емес, – деді сызыла үздігіп.

Әлім де осыны күткендей:

– Бұл сезім екеуміздің бір-бірімізді тапқанымыздың белгісі, – деді келіншекті бауырына басып.

Арада екі ай өтпей жатып, екеуі бір-біріне әбден бауыр басып, бір күн сөйлеспей қалса, жандарын қоярға жер таппай аласұрып кететін болды. Сара үшін Әлім – қиындықтарды жеңуге күш беретін тірек, сүйеніш болса, Әлім үшін Сара – жүрегін бақытқа бөлеп, өткен өмірінің қиындықтарын ұмыттырған шынайы махаббаттың нышаны еді. Екеуі де бұл қарым-қатынасты ұзаққа соза берудің қажеті жоқтығын анық түсінгендей. Осы сәттен бастап бірге болуды шешіп, азаматтық некеде тұруға бел буды. Мұндай шешім олардың өмірлерін жаңа арнаға бұрып, болашаққа деген сенімдерін нығайта түсті.

Енді олар бір шаңырақ астында өмір сүре бастады. Әлім барынша Сараның өміріндегі сүреңсіз күндерді сейілтіп, оның бақытты болуына жағдай жасады. Сара да оған барынша қамқорлық танытып, өткен қиындықтарды біртіндеп ұмытты. Олар үшін әрбір күн, әрбір кеш – жаңа мүмкіндіктерге толы, қуанышты сәттерден құралған ғажап әлемге айналды. Алғашқы бірнеше ай бойы олардың махаббаты шынайы әрі кіршіксіз көрінгенімен, уақыт өте келе Әлімнің жүрегінде күмән мен қызғаныш ұялай бастады. Ол алғашында мұны байқамауға тырысты, бірақ Сараның кейбір әрекеттері көңіліне күдік ұялата берді. Сара кейде телефон қоңырауларына жасырын жауап беріп, қабылдап, сұраған кезде, жай ғана бұрынғы таныстары, отбасы мүшелері деп сылтауратын шығарды.

Әлім сүйіктісінің түрмедегі күйеуімен жасырын хабарласып тұратынын сезді. Әр қоңырау Әлімнің жүрегіне бір шаншу болып қадалды, бірақ Әлімнің біртоға мінезі мен Сараға деген кіршіксіз таза сезімі кешіріммен қарауға шақырды. Ал Сара оның осы бір салмақтылығын, өзіне деген махаббатын пайдаланып, арадағы ұрыс-керісте ештеңені түсіндіруге тырыспайтын. Күн өткен сайын Сараның іс-әрекеті мың құбыла бастады.

Бір күні Әлім Сараның түнде үйге кешігіп келіп, телефонмен басқа біреумен сөйлескенін естіп қалды. Алдында қатқан қазықтай тұрған Әлімді көрген бойда Сара телефонды бірден тастай салып, бөлмесіне үнсіз кіріп кетуге тырысты.

– Сара, сенің өміріңде менің орным қандай? Сен үшін көк тиындай құнымның қалмағаны қалай? – деді Әлім әдеттегідей сабырлы дауыспен.

– Менің өткен өмірім – менің жеке ісім. Бұл байланыстар жай ғана қаржылық мәселелерге байланысты, – деді бірден ашуға булығып.

Бұл сөздер Әлімнің жүрегіне қанжардай қадалды. Алайда ашуын әдеттегідей сабырлылыққа жеңдіріп, үнсіз сыртқа шығып кетті.

Кейінгі уақытта Сараның мінезі күрт өзгеріп кетті. Әлімнің өзін өлердей сүйетінін іштей жақсы білетін ол да білгенін істеуді әдетіне айналдыра бастады. Тіпті сырттағы теріс жүріс-тұрысы көбейіп, үйге келмейтінді шығарды. Жүрегі қызғаныштан тілімделіп жатса да, Әлім Сараға жұдырық жұмсамақ түгілі, жүрегіне жара салатын сөз айтқан емес. Кейде ашуға беріліп айқайға басқанымен, екеуара ұрыс-керістен басын алып қашып, өз-өзіне келгенше сыртта жүретін. Сырттай жұрт көзінде олар бақытты жұп болып көрінгенімен, шын мәнінде олардың арасында сезімге емес, қызғанышқа, түсінбеушілікке құрылған қақтығыстар басталды. Бірақ бұл Сараны ойландырмайтын.

* * *

Бүгін де әдетінше екі апта бұрын қаладағы дәмхананың бірінде танысқан Айдос пен Сараның көңілі жарасып, қолтықтасып келе жатқан беті еді. Сылқ-сылқ еткен таныс күлкіге Жасұлан да жалт қарағаны. Оны көргенде Сара да көзі шарасынан шыға жаздап тесіле қарап қалды. Алдынан өзінің түрмеде жатқан күйеуінің досы Жасұланды кездіктіргені жақсылықтың нышаны емес. Кіреберге тесік таба алмай сасқалақтап, не қорыққаны, не ұялғаны белгісіз, әйтеуір әлгі жерден қалай қашып кетерін білмей басы қатты. Алайда Жасұлан оларға жақын келіп қалғандықтан, амандық-саулық сұраудан басқа амалы қалмаған. Онымен отбасылық кездесулерде төрт-бес рет дастарқандас болғаны бар. Оның үстіне Жасұлан да түрмедегі күйеуімен бірге сыбайласып, қылмыс жасағаны үшін жазасын өтеуге кеткенін білетін.

Әңгімелесе келе Жасұлан жақында ғана бостандыққа шыққанын жеткізді. Ол Сараның күйеуіне қаржылай қолдау көрсететінінен бұрыннан хабардар. Оның үстіне досының әйелі бостандықта басқа еркекпен көңіл жарастырып жүргені Жасұланға бопсалау үшін тамаша мүмкіндік секілді көрінді. Себебі Сараның күйеуі де жақында бостандыққа шықпақ. Сондықтан ол Сарадан түрмедегі күйеуі Маратқа беретін қаржыдан өз үлесін талап ете бастады. Ал айтқанды бермесе, құпиясын ашамын деп қорқытуға көшкен.

Бұл уақытта жан жүрегі жаралы Әлімнің жан дүниесінде қызғаныш пен күйініш алма-кезек арпалысып жатты. Сұрақтары үнемі жауапсыз қалса да, ол Сараға деген кіршіксіз сезімді сақтап қалуға тырысатын.

Бірде Әлім үйге ерте қайтып келген. Сыртқы есік алдында әлдебіреулердің сыбырласқанын байқады. Есікті баяу ашты. Үйдің бұрышында Жасұлан мен Сара әлдене туралы айтысып тұр. Сүйіктісінің жүзінен үрей мен ашудың белгісі анық байқалады. Ал Жасұлан оған бұйрық беріп, енді бірде Сараға қылмыңдағаны анық көрінеді. Қызғаныштан өртене жаздап тұрса да, үй сыртындағы әңгімені соңына дейін тыңдағысы келді.

Жадыра МҰСІЛІМ

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6299 дана
Апталық таралым 12 598 дана

Тапсырыс №63 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31